



1 маусым, сейсенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

● ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне байланысты үндеуі

Құрметті отандастар!

31 мамыр – ел тарихындағы ең азалы кезеңнің бірін еске алу күні.

Өткен ғасырдың алғашқы жартысындағы саяси қуғын-сүргін Кеңес Одағы дәуіріндегі миллиондаған азаматтың тағдырына таңба салды. Қазақстанда жүз мыңнан астам адам жазықсыз сотталып, оның төрттен бірі өлім жазасына кесілді.

Еліміздің аумағында он бір еңбекпен түзеу лагері болды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен қасірет мекені ҚАРЛАГ пен АЛЖИР-де тоталитарлық жүйенің шексіз қатыгездігін үнемі еске салып тұратын тарихи-мемориалды кешендер ашылды.

Зұлмат заманда тұтас халықтар қудалауға түсті. Туған жерінен зорлықпен көшірілген бес миллионға жуық адам қасиетті қазақ жерінен пана тапты. Қазақстан олардың құтты мекеніне айналды.

Ұлтымыз алапат аштықтың зардабын тартып, орны толмас шығынға ұшырады. Шектен шыққан ұжымдастыру науқаны Ұлы даланы бұрын-соңды болмаған ауқымды гуманитарлық апатқа ұрындырды.

Халқымыз небір зобалаңды көрсе де рухын аласартқан жоқ. Бірлігін бекемдеп, ынтымағын арттыра түсті.

Тәуелсіздік таңы атқаннан кейін біз арыстарымызды ақтауға кірістік. Кезінде жазықсыз жазаланған мыңдаған азаматтың есімін ел жадында жаңғырттық.

Былтыр қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау үшін Мемлекеттік комиссия құрылды. Комиссия солақай саясаттан жапа шеккен қазақстандықтарға қатысты тарихи әділдікті қалпына келтіруге тиіс. Бұл – мемлекеттің ғана міндеті емес, бүкіл қоғамның парызы.

Төл шежіреміздегі қайғылы кезеңдерді ұлттық бірегейлігімізден бөле-жара қарау мүмкін емес. Сондықтан, біз саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарының рухына тағзым етіп, есімдерін мәңгі есте сақтаймыз.

Тарихтан тағылым алып, мұндай тауқымет ешқашан қайталанбауы үшін бәрін жасайтын боламыз.

● 31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ



Суретті түсірген Бағдат Есжанов

Тағзым

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың қатысуымен ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған мемориалды ескерткіште митинг өтті.

С Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы»

Ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай ұйымдастырылған митингке облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов, қала әкімі Ғанибек Қазантаев, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, ҚМДБ-ның облыс бойынша өкілі, «Ақмешіт-Сырдария» мешітінің бас имамы Болатбек Абуов және мемлекеттік орган өкілдері қатысты.

Ел басына күн туған, тауқыметі мол кезеңде жазықсыз жандар қуғынға ұшырап, тұтас халық аштықтың азабын тартты. Зерттеушілердің мәліметтеріне сәйкес,

тоталитарлық жүйе жүргізген саясаттың салдарынан облыс бойынша 4038 отбасы қуғынға ұшырап, 1153 адам атылған екен.

Аймақ басшысы Сыр жұртшылығы атынан ескерткішке «Тағзым гүлін» қойып, шараға қатысушылар бабалар рухына бас иді. Бас имам құран бағыштады.

«Арай» шағын ауданында орналасқан еңселі ескерткіш осыдан 23 жыл бұрын бой көтерді. Бұл төбе сол кездегі қанды қырғынның куәсі болған деседі жұрт. Оған кейінірек дәлелдер де табылды. Сондықтан ел-жұрт осы маңға келіп, бір кездері жазықсыз жапа шеккен ата-баба рухына тағзым етеді.

Шарада Галина Қасымқызы жыл сайын ескерткішке арнайы келетінін, өткен күндерді еске түсіретінін айтты.

– Атам Бедер Мәмбетұлы Жалағаш ауданындағы Таң савхозында туып-өскен. Жұртқа сөзі өтімді би, дәулетті әрі діндар кісі айналасындағы елге жанашыр, кісіге қайыры мол жан болыпты. Мешіт салу жұмысына атсалысқан. Бірақ бай болғандықтан, қуғынға ұшыраған. Өзімен бірге сегіз баласын да жендеттер Қарағанды зонасына алып кеткен деседі. Бірлі-жарым ұрпағынан біз тарағанбыз. Бірақ әкем атам туралы деректерді көп айтпай кетті, көзін көрген, сол кезді білетін жандардың да қатары азайды, – деді кейуана.

Осы күні ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу шаралары аудандарда да ұйымдастырылды

● БӘРЕКЕЛДІ!

Рахат пен Айсамал алтын алды

Өзбекстан астанасы Ташкент қаласында өткен ауыр атлетикадан жасөспірімдер арасындағы Әлем чемпионатында қызылордалық Рахат Бекболат пен Айсамал Сансызбаева жеңімпаз атанды.

Рахат Бекболат 102 келіде сыңға түсіп, қоссайыстың нәтижесімен 377 (175+202) келіні бағындырды. Екінші және үшінші орындарға болгариялық Василь Маринов пен грузиялық Заза Ломтадзе ие болды.



Ал Айсамал Сансызбаева 87 келіде тағы бір алтын медальды қоржынға салды. Ол қоссайыс нәтижесімен 258 келіні (113+145) өзінің еншісіне жазды. Бұл салмақта ресейлік Виктория Орлова мен канадалық Эмма Фризен жүлделі орындарды бөлісті.

Рахат бұдан бұрын Солтүстік Кореяның Пхеньян қаласында және Ташкентте өткен Азия, Лас-Вегастағы Әлем чемпионаттарында алтын медальдарды иеленген болатын. Ол 16 жасында Әлем рекордын орнатып, Азияның «үздік спортшысы» атанды.



Шиеді ауданында дүниеге келген Айсамал да бұған дейін жанкүйерлерді толайым табысымен қуантқан еді. Былтыр Перуде өткен Әлем кубогында жеңіс тұғырынан көрінді. Одан бұрын Солтүстік Кореяның Пхеньян қаласында болған Азия чемпионатында күміс жүлде иеленген.

Аталған Әлем чемпионатында еліміздің қоржынына тағы бір алтын медальды Абылай Әуелханов (55 келі) салды. Сондай-ақ, Алексей Дроздов (61 келі) күміс, Акмола Сайрамкес (67 келі) бен Гүлнұр Ыбырай (64 келі) қола жүлдегер атанды.

«СБ» ақпарат

● БҮГІН – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ



Желкілдеп өскен құрағым

Бүгін – Балаларды қорғау күні. Бұл халықаралық мейрамдардың арасындағы ең ескілерінің бірінен саналады. Оны атап өту жөнінде шешім 1949 жылдың қараша айында Халықаралық демократиялық әйелдер федерациясының арнайы сессиясында қабылданды. Осы күні балдай тәтті балапандарды қуантуға, олардың біздің өміріміздегі алатын орны бөлек екенін күндегінен ерекше етіп түсіндіруге тырысамыз.

Бірақ балаларды бір күн ғана қорғау жеткіліксіз, оларды жыл он екі ай, жеті күн, жиырма төрт сағат бойы қамқорлыққа алу керек. Дүниеге шыр етіп келген нәресте алдымен анасының, өсе келе айналасының, қоғамның қолдауына мұқтаж. Ұлы ұстаз Ахмет Байтұрсынов айтқандай, «Жұртым» дейтін бала «балам дейтін жұртта ғана болады».

Әлемде үлкендердің қателігінен тұтанған соғыс өртіне шарпылған, аштыққа ұшыраған балалардың бар екені өте өкінішті. Балалық деген алаңсыз да қамсыз бал кезенді бастан өткермеген қаншама жеткіншектің болашағы бұлыңғыр.

Тәуелсіздік алғашы бері біздің еліміз бала құқына қатысты негізгі халықаралық құжат – «Бала құқықтары туралы» конвенцияны ратификациялады. Қазір елімізде бұл мәселемен Білім және ғылым, Денсаулық сақтау, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Ақпарат және қоғамдық даму, Ішкі істер, Мәдениет және спорт министрліктері айналысады. Сондай-ақ, бала құқын қорғайтын жүздеген қоғамдық ұйым жұмыс істейді.

2010-2020 жылдар аралығындағы деректерге қарағанда еліміздегі балалар үйлері тәрбиеленушілерінің саны 70%-ке, балалар үйінің желісі 210-нан 101-ге дейін қысқарды. Оқушылар сарайлары, балалар технопарктері, үйірмелер мен өнер мектептерінің желісі кеңейіп келеді. Ерекше білім қажеттіліктері бар балаларға тосқауылсыз орта құру, арнайы бағдарламалар, әдістемелер, бағалау жүйелерін енгізу, педагогтардың олармен жұмыс істеу дайындығы мен құзыреттері жетілдірілуде.

Балалар қауіпсіздігі үшін әр білім беру ұйымын бейнебақылау және қажетті заттармен жабдықтау мәселелері кезек-кезеңмен шешімін тауып келеді. Буллинг, суицид проблемаларын шешу, жеткіншектерді зиянды ақпараттан қорғау өте маңызды.

Бүгінгідей Балаларды қорғау күнінде желкілдеп өсіп келе жатқан жас құрақ болашағының жарқын екеніне сенімді болып өссе дейміз! Олардың келешегі еліміздің ұлы мұраттарымен ұштасып жатқаны анық!

● САРАП

Тұрғын үй нарығы: құбылған баға, құлазыған көңіл

Қызылордалық Нұржан Жұмабек былтыр облыс орталығындағы «Наурыз» шағын ауданынан жер алған еді. Ендігі ойы – осында үй салу. Іргетасын құйып, сыртын әлдеқашан қоршап қойды. Көшеттер көкпей тұр. Бұрын балашағасымен тұрып келген көпқабатты үйдегі екі бөлмелі пәтері 11,5 млн теңгеге өтті. Алайда, аттай қалап алған жерінен бабы келіскен баспана соғуға ол аз. Аз дегеніміз бер жағы.

С Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

– Базарға барып, құрылыс материалдары бағасының шет-жағасын барлап қайттым. Удай қымбат. Өзбектер бригадасы арзанға түсе ме десем, олардың да құны шарықтап кетіпті. Үйдің кірпішін өріп, шатырын жабудың өзіне 4 млн сұрап тұр. Қалған жұмысына қалай ақша жеткізем деп басым қатып кетті, – дейді қала тұрғыны.

Кейіпкеріміз сияқты талай адамның көңіл-күйін базардағы баға бұзғалы қашан?! Жұрт онсыз да айлық жалақысының жартысымен несие жауып, келесі айлыққа әуірімдеп жетіп жүргенде қымбатшылықтың «жұдырығы» қатты, әйтеуір. Мұндайда «квартиранттардың»

тиыннан тиын құрап, үй алатын да, салатын да шамасы жоқ. Әлде олар да ақын Қасым құсап «Қойдым енді, сіре, мен үй алмаспын, Үйім жоқ деп ешкімнен ұялмаспын» деп үміт үзе бермек пе?! Орыс классигі Михаил Булгаков: «Квартирный вопрос испортил москвичей» дейді. Мағынасы біздің «Сананы тұрмыс билейдіге» саяды-ау. Айтпағымыз, қымбатшылық қарапайым қазаққа ауыр соққы болып тұр.

Экономист Максат Халық «Baq.kz» сайтының тілшісімен сұхбатында баспана бағасын қалыпқа келтірудегі Үкіметтің басты қадамы – құрылыс материалдарының құнын реттеу екенін көрсетіпті.

2-бет





● НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

ШЕТЕЛДІК МАМАНДАР КЕЛЕ БАСТАДЫ

Құрылысы 2015 жылы басталған шыны зауытынан қызылордалықтар көп үміт күткен. Жана өндіріс, жана жұмыс орындары, қазынаға түсер қосымша қаржы секілді игіліктерден үміттенгеніміз рас. Алайда қазіргі нарықтық құбылыстардың әсері бар, мердігерлер арасындағы келіспеушілігі бар, өзге себептермен шыны зауытының іске қосылуы созылып кетті. Бұл туралы ақпарат құралдарында дүркін-дүркін жазылды.

Шыны ТӘЖІҰЛЫ, «Сыр бойы»

Есептеулер бойынша елімізге жылына бір миллион доллар тұратын шыны сырттан келеді екен. Егер іске қосылса, осынша қаржы сыртқа кетпей әрі кіріс кіргелі тұр.

Шынын айтқанда, зауыт орналасқан индустриялық аймақтағы облыс тарапынан атқарылуы тиіс жұмыстардың барлығы дерлік орындалып отыр. Сыртқы инфрақұрылымдық желілер – газ құбыры, ауызсу, электр энергиясы, байланыс жүйелері жеткізіліп, жол салынып қойылған. Соңғы қалғаны темір жол тармағы еді, қазіргі таңда оны да жүргізіп жатыр. Мамандар алдағы бір айдың ішінде аяқталады деп сендіруде. Жалпы алғанда, зауыт құрылысы жұмыстарының 80,2% орындалған. Ендігі қалған негізгі жұмыс зауыттың балқыту ваннасы мен күйдіру пеші қондырғыларын орнату болатын. Алайда, біздің елімізде бұл қондырғыларды орнататын мамандар болмауы себепті оларды шетелдерден шақыру қажет. Ол бойынша зауыт құрылысының

бас мердігері қытайлық «Чайна Триумф Интернешнл Инжиниринг» трансұлттық компаниясы басы-лығымен келісім жасалып қойылған еді.

Әйтсе, де осы келісімнің орындалуына коронавирус індеті тікелей әсер етті. Шекаралар жабылып, адамдар басқа елдерге кіре алмай қалды. Осылайша зауыт құрылысы кешеуілдей берді. Жақында Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Атамқұловтың төрағалық етуімен өткен селекторлық мәжілісте облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова мен «Orda Glass Ltd» ЖШС-ның басқарма төрағасы Ержан Сағымбаев министрге Қызылорда шыны зауытына мамандарды жіберу мәселесі бойынша еліміздің Сыртқы істер министрлігін жұмылдыруға өтініш жасады. Б.Атамқұлов өткен жылы зауыт құрылысымен танысып кеткен, қалыптасқан жағдайды жақсы біледі. Оның өзі де, ол басқарған министрлік те шыны зауытының іске қосылуына мүдделі. Сол себептен

барынша қолдау көрсетуге уәде берген болатын.

Міне, осы жұмыстардың нәтижесінде зауыттың балқыту ваннасы мен күйдіру пеші қондырғыларын орнататын мамандардың алды келе бастады.

– Кейінгі екі аптада 17 адамнан екі топ, барлығы 34 маман келді. Әлі де 100-дей маманды күтіп отырмыз. Бар қиындық қазіргі пандемияға байланысты шетелге шығатын

Жалпы пешті биыл толығымен іске қосу жоспарланған.

Зауыттың іске қосылуына бәріміз де мүдделіміз. Ол толық іске қосылғанда 160 адам жұмыспен қамтылады. Шыны зауыты жанынан ілеспе кластерлік жобалар, яғни 8 зауыт салу жоспарланған. Оның ішінде үш зауыт бойынша кәсіпкерлермен келісім жасалып қойылған. Олар шыны ыдыстарын, сондай-ақ айна және шыны талшықтарын



мамандардың көп тексерулерден өтетіндігі. Көп ұзамай барлық шетелдік маман осында болуы тиіс, – деген «Orda Glass Ltd» ЖШС директоры Е.Сағымбаев қазіргі күндері пешті құрастыру жұмыстары басталып кеткенін айтты. Жоспар бойынша құрастыру жұмыстары қараша айында аяқталып, сол кезде пешті алғаш рет жағып көреді.

жасайтын зауыттар. Бүгіндері индустриялық аймақтағы бірқатар жобалар учаскелерінде дайындық жұмыстары басталып жатыр. Шыны зауыты тезірек іске қосылса, өз кезегінде осы кластерлік жобаларға да қозғау салып, оларда да жұмыс жанданатыны белгілі. Қысқасы, сең қозғалды.

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ



Суретті түсірген Бағдат Есжанов

ӨНДІРІСТІК ФИЛИАЛ ДИРЕКТОРЫ АУЫСТЫ

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова «Интергаз Орталық Азия» АҚ бас директорының бірінші орынбасары Бақтияр Ізбасаровпен кездесті. Кездесуде аймақ басшысы «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалының директоры Талғат Қызылбаевтың өзге қызметке ауысуына байланысты жаңа жұмысына сәттілік тілеп, «Алғыс хатпен» марапаттады. Оның орнына тағайындалған Шәкір Кәрібаевқа аймақты газдандыру жұмысын одан әрі жандандыратынына сенім білдірді.

Кездесуде өңір басшысы «Интергаз Орталық Азия» АҚ Бас директорының бірінші орынбасары Бақтияр Ізбасаровқа үш мәселеге назар аударуды сұрады.

– Бүгінгі таңда тұтынушылардың «ҚазТрансГаз Аймақ» алдындағы берешегі шамамен 1,5 млрд теңгені құрайды, оларды жазғы кезеңде азытқан абзал. Осы мәселені шешудің бірі ретінде газ үшін төлем жүйесін облыстың «Бірыңғай төлем құжатына» енгізу қажет деп есептеймін. Аймақтың коммуналдық меншігінде жалпы құны 17 млрд теңгеге 28 жоба бойынша газбен жабдықтау объектілері бар. Алдағы уақытта объектіні пайдаланушы ұйымның балансына беруді уақыттылы

ұйымдастыру қажет. Биыл Жосалы мен Жалағаш кенттерін газға қосамыз. Осы жұмыстардың мерзімінде жүйелі орындалуына бірге атсалысайық, – деді облыс әкімі.

Бұл мәселелерге қатысты Бақтияр Ізбасаров бірлесе жұмыс жасалатынын жеткізді.

– Сіз айтқан мәселелердің барлығы Қызылорда өңірі үшін аса маңызды екенін түсінемін. Алғашқы мәселені Шәкір Болатұлы қолға алып, газ үшін төлем жүйесін облыстың «Бірыңғай төлем құжатына» енгізуге күш салады. Сіздермен ынтымақтаса отырып, қалған екі мәселенің де жедел шешілуіне барынша қолдау көрсететін боламыз, – деді ол.

Ақындар Тәуелсіздікті жырлады

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздікке тағзым – тілге құрмет» онлайн жазба ақындар мүшәйрасы өтті. Іс-шараны облыстық ішкі саясат басқармасының қолдауымен облыстық тілдерді оқыту орталығы ұйымдастырған.

Мүшәйраға 22 ақын қатысты. Ақындар үш тақырыпта жазылған өлеңдерін әлеуметтік желіге жариялады. Сөз саясына айтыскер ақын, «Қауырсын» жас ақындар үйірмесінің жетекшісі Мамыр Байдәулетов, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессоры Аман Абасилов, ақын, Халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты Назгул Бердіқожа қазылық етті. Қатысушылардың өнерін бағалауда өлеңінің мазмұндық тереңдігі, тақырыптың ашылуы бағаланды. Ұлттық рух, патриотизм, ел бірлігі бағыты басты назарға алынды.

Мүшәйраның қорытындысы мен бас жүлдені сырдариялық Ақтөре Ибрагимұлы, І орынды қызылордалық Айдар Сайлауов, II орынды қызылордалық Өмірзақ Дидар мен жанақорғандық Ұланбек Бексаба, III орынды қызылордалық Ажар Садықова, қармақшылық Сырым Әділбеков пен жанақорғандық Ізгітіла Нәрзілдаев өзара бөлісті.

Жеңімпаздарды облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекова марапаттап, дипломдар мен сыйлықтар табыс етті.

«СБ» ақпарат

Тұрғын үй нарығы: құбылған баға, құлазыған көңіл

– Зейнетақы жинағын үй алу үшін пайдалану мүмкіндігі берілгелі қымбатшылық үдей түсті. Соңғы мәліметке сүйенсек, осы күні баға белгілі бір деңгейде тұрақтаған. Бірақ бұдан баға енді түспейді. Өйткені тұрғын үйлердің жабдықтаушысы ретінде құрылыс материалдарының бағасы шарықтап кетті. Бұл жағы қадағалаусыз қалды, – дейді ол.

Экономист сөзіне energyprom.kz дерегі дәлел. 2021 жылғы сәуір қорытындысынан кәсіпорындарда өндірілген құрылыс материалдарының жылдық өсімі – 21,4, ал бір жыл бұрын 0,3 процент болғанын көреміз. Халық сатып алған бөлігінің жылдық өсімі – 7,5 процент. Қымбатшылық, әсіресе, Шымкентте, Павлодар (4,2 процент) мен Маңғыстау облыстарында (18,6 процент) қатты байқалды.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі жыл басында құрылыс материалдары нарығын 24 позицияда талдады.

Отандық өндірушілер соның тек 10-ы бойынша ішкі нарық қажеттілігін толық қамтамасыз етіп отыр. Олар – темір-бетон, бетон, құрғақ қоспа, қал бозуы, керамикалық кірпіш, силикат кірпіш, бетоннан жасалған уялы блоктар, ішкі есік, болат есік блоктары, шыны өндірісі. Кәсіпорындардың 11 позиция бойынша сұранысты өтеу көрсеткіші – 50 процент. Ал линолеум, тұсқағаз бен санитарлық фаянсты сырттан тасуға мәжбүрміз.

Қызылордалық Әуесбаевтар отбасы үй салудың машақатын бір кісілей біледі. Тырбанып жүріп соққан тамға жақында жайғасты. Шығынды есептендеге «шашымның түггі жетпейді» деп ойлаған. «Көз – қорқақ, қол – батыр». Бірді бірге жалғап жүріп іс те бітті.

– Әуелі қаланың шетінде «времянкамыз» болды. Алты жылда несиесін жамптық. Азды-көпті жинағанымыз бар еді. Соған он сотық жер алдық. Келіншегім екеумізге еңбек демалысы үшін берілген ақы есебінен шаруаға кірісіп кеттік. Шатырлауға келгенде ақша жетпеді. Осы кезде тұрып жатқан «времянкамызды» саттық. Соның бір бөлігін қалған жұмысына жұмсап, газ, су кіргіздік. «Там салғанның тамтығы қалмайды». Жаңа, жайлы қоныста қиындық ұмғытылады. Пүшір, қазір үйдің ішін жиназдан бұрын жаңаға толтырып отырмыз, – дейді Дәулет Әуесбаев.

«Тарта жесен, тай қалар, қоя жесен, қой қалар». Қазақ даналығын қанат қып жалғаған кейіпкеріміз ақшаны басы артық нәрсеге жұмсамай, депозитте жинауға кеңес береді. Ол үшін «Отбасы банкі» ұсынған мүмкіндік көп. Бүгінде облыстағы банк салымшыларының саны 60 мың шамалас. Бірақ соның 54,5 проценті ғана белсенді. Белсенділікті банк филиалының бөлім басшысы Айжан Арыпбай былай түсіндірді:

– Клиентке депозитті белгілі бір сома көлемінде тұрақты түрде толтырып отыруға кеңес береміз. Баспана сатып алу немесе соған қатысты басқа да қажеттіліктің арнайы бөлігін жинау үшін әртүрлі бағдарламаның шекті мөлшері бар. Үйлі болуды армандаған адам осыған мән беруі керек.

Жұрт көбіне «Нұрлы жер», «Шанырақ», «Бақытты отбасы» бағдарламаларына жүгінеді екен. Осының ішінде кемінде үш жыл бұрын ажырасқан, асыраушысынан айырылған, мүмкіндігі шектеулі бала бағушы, қоппаланы, толық емес отбасылардың оң жамбасына келетіні – «Бақытты отбасы». Бағдарлама бойынша бытыр 85 пәтер берілді. Ал 223 отбасыға «Нұрлы жермен» сол жағалаудан бұйырды. Баспана қаржысының тең жартысын жинаған 713 салымшы елдің кез келген бөлігіннен қайталама нарықтағы немесе бұрынғы үйлерден алды.

12 сәуірде басталған «Ұмай» (әйелдер ипотекасы) бағдарламасының шарттарынан жергілікті қыз-1-бет.

келіншектер құлағдар болып үлгермеген сияқты. Өйткені ол бойынша баспаналы болған адам әзірге жалғыз. Бағдарлама – жалпы отбасылық табысы 320 мың теңгеден аспайтындар үшін үлкен мүмкіндік. Несиенің ең ұзақ мерзімі – 25 жыл, жылдық мөлшерлемесі – 12 процент. Тұрғын үй қарызына ауысқан кезде ол 3,5 процентке дейін төмендейді. Атыңызда үйдің бар-жоғы маңызды емес. Құны 30 млн теңгеге дейінгі пәтерлерден шертіп жүріп таңдай аласыз.

Бірақ қымбатшылық кесірінен шертіп жүріп емес, шамаң жеткенді таңдайсың. Басқа амал бар ма?!

– «Қолжетімді тұрғын үй-2020» бағдарламасы он жыл бұрын басталды. Ол кезде қаланың «Астана» шағын ауданындағы пәтерлердің бір шаршы метрі 58 мың теңгеден еді. «Ипподромға» ауысқанда 90-100 мың теңгеге бір-ақ көтерілді. Оған кейін «Арайда» – 110-120 мың, сол жағалауда 140 мың теңгеге жетті. Енді «СПМК»-дағы үйлерден беріледі. Оның бағасы орта есеппен 160 мың теңгеге шамалас, – дейді банк өкілі.

«Қолжетімдісі» атынан және пәтер көлемінен әрі аспай тұрған сияқты. Оған да сол құрылыс базарындағы бағаның бетімен кетуі. Халықтың зейнетақы қорындағы жинақ қаржысын мерзімінен бұрын ала бастауымен бірге қымбатшылық ырыққа тіпті көнбей кетті.

– Мемлекет тарапынан баға индексін реттеуге болады. Соңда нарықта шаршы метрдің объективті бағасы шығады. Қайталама нарықтағы үйді алушылар мен сатушылар дабыра туғызып, соның салдарынан баға өсіп жатыр. Бағаны ұстауға тырысқан дұрыс. Өйткені бізде жана үйдің де, қайта сатылатын жылжымайтын мүліктің де бағасы жоғары. Бұл мүліктің шынайы бағасына сай емес, – дейді Қазақстан жылжымайтын мүлік федерациясының президенті Ермек Мүсірепов «Азаттықтағы» сұхбатында.

Ұлттық банк 2023 жылдан бастап мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландыруды кезең-кезеңімен тоқтатуды жоспарлап отыр. «Баспана хит» ипотекалық бағдарламасы биыл жабылуы мүмкін. Федерация президенті бұдан кейін баға қалай құбылатынын тоңшылапты. Айтуынша, бірінші нарықтағы жылжымайтын мүлік құны – 10, қайталама нарықта 15 процентке дейін төмендеуі ғажап емес. Бұл ипотекалық бағдарламалардың жабылуынан бөлек, зейнетақы жинағының бір бөлігін шешіп алуға қатысты дүрбелеңнің басылуына да байланысты көрінеді.

– Бұған дейін жылжымайтын мүлік бағасы өскен болатын. Енді аздап арзандауы ықтимал. Ипотекалық мөлшерлемелерді субсидиялау жөнінен бір ғана институт қалады. Онда мемлекет субсидиялайтын кредиттердің барлық желісі ұсынылады, – дейді сарапшы.

«7-20-25» бағдарламасы бойынша бүгінде шамамен 325 млрд теңге қарыз берілген. Ол 27 мыңнан астам отандасымыздың қоныс тобына түрткі болды. Бірақ бағдарлама аясында белгіленген шекті сома – 1 трлн теңге. Сондықтан жұмыс қаражат толық игерілгенге дейін созылады. Ал «Баспана хиттің» қаржы сомасы – 600 млрд теңге. Екінші деңгейлі банктер оны биыл толық игеруге ықыласты. «Баспана хит» бағдарламасына ұқсас несие талаптары да дайын.

Мың құбылған тұрғын үй нарығы талай қазақстандықтың бас ауруына айналып тұр. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі жыл басында үй кезегін сарыла күткендер саны 548 мыңға жеткенін мәлімдеді. Тізім жыл сайын 50 мыңмен толығып отыр. Сықпаң цифр шынайылықтың көрінісі болмауы да мүмкін. Өйткені оның сыртында кезекке тіркелмеген, көшіп-қонып жүрген «квартиранттар» қаншама?!

Аудан жаңалықтары

«Сабалаққа» ауызсу барады

Қызылорда. Қала әкімі Ғанибек Қазантаев «Сабалақ» саяжайына барып, ауызсу желісін тарту жұмыстарының жүргізілу барысын көрді.

Саяжайды ауызсумен қамту мақсатында 2018 жылы арнайы жоба әзірленіп, жобаның I кезені аясында ұзындығы 17 шақырым болатын магистральді құбыр жүргізілген еді. Жобаның II кезенін жүзеге асыру үшін былтыр Ұлттық қордан қаржы қаралса, биыл жоба толық аяқталып, ауыз су мәселесі өз шешімін таппақ. Қала әкімі жауапты мамандарға су желісін жұптау жоспардан кешікпей, межелі уақытта беру керектігін ескертіп, жұмыстарын ширата түсуді тапсырды.

Ғанибек Қонысбекұлы «Сабалақтың» дамуына серпін берер бастамаларды да атады. Саяжайдың электрмен қамтылмай қалған аумақтарына желі тарту, орталық көшені жарықтандыру да биыл іске асырылмақ.

Сондай-ақ қала әкімі саяжай аумағында демеушілік есебінен іргетасы қаланып жатқан 250 орындық мектептің құрылысында болды.

Жазықсыз жапа шеккендер

Арал. Аудан орталығында саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алуға арналған «Жазықсыз жапа шеккендер» атты митинг өтті. Митингке аудан әкімі Серік Сериямбетов, мекемелер мен ұйымдардың басшылары, ардагерлері және қуғын-сүргін құрбандарының ұрпақтары қатысты.

Шара нәубетті жылдардағы азапты бейнелейтін театрландырылған көріністен бастау алды. Мұнан әрі құрбандар рухына құран бағышталып, бір минут үнсіздік жарияланды. Ардагер Қуанышбай Ердіқалыков Алаш азаматтарының ерлігіне тоқталып, аралдықтардың да басына түскен қилы кезеңнің естеліктерін тарихи деректерге сүйене отырып еске алды.

Тар жолда тайпақ күн кешкен құрбандар рухына арналған шараға жиналғандар саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарына арналған ескерткішке гүл шоқтарын қойып тарқасты.

Егін алқабын аралады

Қазалы. Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев Ақтан батыр, Бекарыстан би, Ү.Түктібаев, Қожабақы, Бірлік және Жанкент ауылындағы күріштік алқаптарына барып, дикан қауымымен кездесті.

Аудан басшысы «Сыр маржаны» ЖШС, «Рза-Агро» ЖШС, «Ақмаржан» шаруа қожалығы, «Агро-Өркен» ЖШС, «Алшын» ЖШС, «Мерей» шаруа қожалығы, «Жанкент-Агро» ЖШС-ның егістігін аралап, шаруалармен тілдесті. Шаруашылық басшылары аудан әкімі Мұхтар Оразбаевқа Сырдария өзеніндегі су мәселесі алаңдататынын жеткізді. Өз кезегінде аудан әкімі көктемгі дала жұмыстары мен күріштік алқаптарын суару жұмыстары күн тәртібінен түспей, бақылауда болатынын жеткізді.

Каналдар тазартылды

Қармақшы. Аудан әкімінің орынбасары

Жұлдызхан Ерқосаев аудан аумағына су жіберетін каналдардың жұмысын бақылап, арнайы аралап шықты.

Сырдария суының тапшылығына орай, ауыл шаруашылығында әртараптандыру және егіс көлемін қысқарту жұмыстары жүйелі жүргізіліп келеді. Күріш көлемі өткен жылмен салыстырғанда 500 гектарға азайған.

Аудан әкімінің орынбасары күрішті суға бастыру жұмыстарын тездетіп аяқтау мақсатында аудан аумағына су жіберетін каналдардың жай-күйін бақылауда ұстау керектігін айтты. Осы бағытта тиісті сала мамандарына бірқатар тапсырма берді.

Ардагерлерге құрмет көрсетілді

Жалағаш. Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы және «Демеу» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен аудандағы Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген және бірқатар тыл ардагерлерін аудан әкімінің орынбасары Жасұлан Еспенбет пен аудандық қоғамдық кеңес төрағасы Кенжеғара Сүлейменов үйлеріне барып құттықтады.

Оларға арнайы сый-сияпат табыстады. Ардагерлердің қатарында ғасыр жасаған аналар Мәдениет ауылынан Райхан Бақайбаева, Өтеш Маханова, Байбайша Қайырбаева, Еңбек ауылындағы Бати Аманбаева және Бұқарбай батыр ауылындағы Мовляди Шарипов бар. Ардагерлер көрсетілген құрметке алғыстарын білдіріп, ақ батасын берді.

Этнос өкілдерімен кездесті

Сырдария. Аудандық ішкі саясат бөлімінің қолдауымен «Сырдария ауданы әйелдер» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай аудандағы этнос өкілдерімен кездесу өтті.

Кездесудің мақсаты – жазықсыз жандарды өлімге байлаған сол зұлмат жылдардың ауырталығымен, ұлтымызға жасалған үлкен соққымен, тарихымыздың ақтандақтарымен және Тәуелсіздік жолында құрбан болған тұлғалардың еңбектерімен таныстыру болды.

Тоспаға кезекші қойылады

Шіелі. Аудан әкімінің орынбасары Е.Апетов Сұлутөбе ауылдық округіндегі жергілікті қоғамдастық мүшелерімен жиын өткізді. Шараға Шіелі су шаруашылығы өндірістік учаскелік басшысының орынбасары Ж.Отарбай, Шіелі су шаруашылығының учаскелік басшысы Н.Мақұлбеков пен ауыл тұрғындары қатысты.

Жиында Ж.Отарбай Майлытоғай ауылдық округінде орналасқан тоспаға кезекшілік жұмыстарын ұйымдастыруда қолға алатындығын айтты. Ауыл тұрғыны К.Шамшиев тоспа қақпаларын рұқсатсыз және кезекшілікті өз бетінше бұзғандарға шара қолдануды ұсынды.

Аудан әкімінің орынбасары Итатқан өңіріндегі үлкен «Нәнсай» мен «Кіші Нәнсайдың» құжаттарын рәсімдеуді қолға алуды және «Сұлутөбе» каналының сағасын қазуға жоба-сметалық құжатты дайындауды, бюджеттік өтінім беруді аудандық су шаруашылығының өкілдеріне тапсырды.

Құжаттарын музейге тапсырды

Жанақорған. Аудандық тарихи-өлкетану музейінде Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне арналған «Нәубет ақтандақтары» атты дөңгелек үстел өтті.

Шараға аудан әкімі Руслан Рүстемов, зиялы қауым өкілдері, ардагерлер Зинабдин Шермағамбетов, Абибулла Шерімбетов, «Жанақорған тынысы» газетінің бас редакторының орынбасары Баян Үсейінова, мектеп директорлары, тәрбие орталығының директоры, тарихшы, өлкетанушы мамандар қатысты.

Шара аясында саяси-қуғын сүргін құрбандары болған Тажидин Жақыповтың және Шамұрат Ержановтың құжаттарын ұрпақтары музейге өткізді.

«СБ» ақпарат

● БҮГІН – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

Бала саулығы бәрінен маңызды

Халықаралық балаларды қорғау күніне орай облыстық білім басқармасы мен «Bilim foundation» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын нығайтуға бағытталған акция өтті. Жасөспірімдердің психологиялық саулығын сақтау жұмысын үйлестіру орталығында өткен акцияның алғашқы күні Facebook-тегі «BilimKZO» парақшасында заңгер, дәрігер, психолог мамандармен тікелей эфир өтті.

Сб Биболат СӘТЖАН,
«Сыр бойы»

Онда «Қамқорлық» дағдарыс орталығының директоры Жандос Тұсмағамбетов тұрмыстық зорлық-зомбылыққа тап болғандарға дағдарыс орталығы тарапынан жасалатын колдау шараларын таныстырды. Сонымен қатар, «Bilim foundation» қоғамдық қорының психологы Сымбат Әбдірахманова баланың қалыптасуы, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынастың маңызы туралы баяндады. Дәрігер-психиатр Марат Шаумбаев бала денсаулығына қатысты маңызды кеңестер, ата-аналардың сұрақтарына жауап берді.

Екінші күні облыстық жастар ресурстық орталығында жасөспірімдерге арналған тимбилдинг ұйымдастырылды. Іс-шара барысында жасөспірімдер арасында спорттық сайыс түрлерінен командалық эстафеталық жарыстар өткізілді. Жарыс соңында жеңімпаздар марапатталып, қатысушылар мерекелік концертті тамашалады.

Акция Жасөспірімдердің психологиялық саулығын сақтау жұмысын үйлестіру орталығындағы ашық есік күнімен қорытындыланды. Оның аясында жасөспірімдерге арт-терапия, тренингтер, психологиялық ойын-жаттығулар, психологтың және психиатр дәрігердің қабылдауы өтті.

«Bilim foundation» қоғамдық қорының аймақтық өкілдігінің басшысы Жұмағұл Баянова кез келген ата-ана орталыққа келіп, өз балаларына қатысты кеңес алуына болатынын айтады.

— Әрбір ата-ана бала психикасы мақтадай жұмсақ, өте нәзік болатынын білуі керек. Балалар қоғамдағы, отбасындағы кез келген қиындыққа өздерін кінәлай бастайды. Соның салдарынан эмоционалды қиындықтар, психикалық бұзылыстар орын алады. Баланың жиі күрсінуі, пессимистік танытып, қайғылы әуендер тыңдай бастауы, тұйықталуы, окшаулануы, әдеттен



тыс көп ұйықтауы, ашуланшақ болып кетуі, өмір сүргісі келмейтінін білдіретін сөздерді жиі айта бастауы, осылардың барлығы – баланың психикасындағы бұзылыстардан хабар беретін дүниелер. Орталықтың мақсаты – бала психикасын қалыпқа келтіру, бұзылыстарының алдын алу, – дейді ол.

Айта кетейік, Жасөспірімдердің психологиялық саулығын сақтау жұмысын үйлестіру орталығы өткен жылдан бастап жұмыс

жасауда. Орталық жеке және топтық психологиялық, дәрігерлік кеңес беру, психологиялық-психиатриялық көмек қызметтерін тегін көрсетеді.

Сондай-ақ, жасөспірімдердің өмірлік дағдыларын қалыптастыру, дәрігерлер мен психологтардың жасөспірімдердің психикалық саулығы бойынша біліктіліктерін арттыру, мектеп қызметкерлерін, ата-аналарды бала психологиясы бойынша ақпараттандыру бағытында жұмыс жасайды.

Балаларды қызықтыратын жанрдың бірі – мультфильм. Бүгінде олар көптеген шетел кейіпкерлерін жатқа біледі. Тіпті, кейбір баланың тілі де соның салдарынан орысша шығатыны жасырын емес. Осынау алаңдатарлық үрдіске тосқауыл болар істің үлгісін көрсетіп жүрген жастың бірі – Мейрамбек Нұртаза.

Сб Биболат СӘТЖАН,
«Сыр бойы»

Дубляж актері деген кім?



Сб Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

Ол 7 сыныптан бастап «Робототехника» үйірмесіне қатысып келеді. Алғашында мектептегі үйірмеге барды. Оған робот құрастырған ұнайтын. Бос уақытын техника тілін меңгеруге арнады. Ақпарат көздерінен әлемде жасалып жатқан роботтарды, оны қалай жасағанын, не қызмет атқаратынын іздеп оқитын. Қызығушылығы оны Оқушылар сарайындағы үйірмеге жетеледі. Өркен бастапқыда өзге балалар секілді үйірмеде «Лего» жиынтығын жасап үйренді. Дарынды бала әу бастан-ақ ұстаздарының көзіне түсіп, таланттымен ерекшеленді. Екі айдан бастап жарыстарға қатыса бастады. Ең алғаш роботтардың «Сумо», «Киберлинг» спорттық жарыстарының облыстық кезеңдерінде топ жарды. Енді ол жобалық жарыстарға дайындалу үстінде. Сонымен қатар жақында өтетін республикалық «Қазроботекс» байқауына қатысуға қызу дайындық үстінде. Оның ғылыми-жобалық түрінде бақ сынамақ.

Бұдан бөлек, жеткіншек жүк тасымалдаушы робот ойлап тапты. Онан кейін піл мен жылан роботын жасады. «Лего» жиынтығын еркін меңгерген оқушы енді күрделі жиынтықтармен жұмыс жасауды қолға алмақ. Өркеннің жетекшісі – Бейбарыс Раушанбек. Ол қалалық білім беру оқу-әдістемелік орталығының «Робототехника негіздері» үйірмесінің жетекшісі. Өзі де талай жоба жасап, жастайынан осы салаға бейімделген маман. Ол авиация саласы бойынша квадракопты дрон құрастыру арқылы республикалық өнертапқыштар сайысында І орынды иеленген.

— Әлем көз ілеспес жылдамдықпен дамып жатыр. Кеше ғана фантастика болған робот, робототехника жаһандану дәуірінде «ақылды» құрылғылар ретінде өмірімізге еніп, қолданыста. Сондықтан бұл саланың болашағы зор. Оқушылар үйінде «Робототехника» үйірмесі 2015 жылдан бастап жұмыс жасап келеді. 2016 жылдан бастап оқушылар облыстық, республикалық жарыстарға қатыса бастады. Осы уақыт аралығында қаншама шәкірт тәрбиеленді. Талантты балалар өте көп. Қазіргі кезде ата-аналар да балаларын үйірмеге беруге асық. Өйткені, балалардың кішкентай кезінен бастап креативтілігі, логикасы мен жан-жақты ойлау қабілеті дамиды. Бастысы, болашақта мамандық таңдауда да өз пайдасын тигізетіні анық, – дейді Бейбарыс Раушанбек.

Жетекшінің айтуынша, робототехниканы кез келген бала таңдай бермейді. Себебі, бастысы оқушыда қызығушылық болуы тиіс. Өркеннің талабы таудай. Болашағынан зор үміт күтетін бала. Ол робот тілін тез үйреніп, жиынтықтармен жұмыс істеуді еркін меңгерген. Ұстазы шәкіртінің бабын жасап, алдағы республикалық додаларда ғылыми жобаларын ұсынуды жөн санап отыр. Сонымен қатар ізденімпаз шәкіртінің болашақты мықты IT саласының маманы боларына сенімді. Талай жарыста облыстың намысын қорғап жүрген өнертапқыш түрлі номинациялармен марапатталды.

Өңірімізде жас ұрпақтың жаңа технологияны меңгеруіне жан-жақты қолдау артып келеді. Жас жеткіншектердің ақпараттық-техникалық бағытта шығармашылығын дамыту мақсатында мектептерде үйірме ашылып, қаншама өрен жаңа саланы игеруге талаптанды. Нәтиже жоқ емес. Өркен сынды таланттардың тың жобасы күнделікті өмірде қолданысқа да енетін күн алыс емес.

● БІЗ ДЕ БАЛА БОЛҒАНБЫЗ



Күлән ҚАЛЫМБЕТОВА, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі:

— Ол кезде қойшы ауылдың балалары бір-екі жас үлкен-кішілігіне қарамай, бірге оқи беретін. Мен 1955 жылғы өзімнен екі жас үлкендермен қатар оқыдым, 1973 жылы мектепті бітірдім. Бастауыш кластарда жүріп-ақ ән айта бастадым. Мектептегі түрлі жиындарда ән салатынмын. Бірақ әншілік деген арнайы мамандық екенін білмейтін едім. Ауылдың орталығында үлкен радио болатын, одан

«ШЫБЫҚТАН СКРИПКА ЖАСАП»...

күн сайын Ермек Серкебаев, Рашид Абдуллин, Роза Бағланова, Бибігүл Төлегенова ән шырқайтын. Маған, әсіресе, Роза Бағланованың әндері ерекше ұнайтын. Ол кезде Роза апамыздың Қазалының тумасы екенін білмеймін, бірақ әндері сондай жанымға жақын болғандықтан, радиодан тыңдап, жаттап алатынмын. Сосын мектептегі концерттерде орындаушы едім.

Көрші үйде Балапан Жұбаева деген менен екі жас кіші қыз болатын. Қазір елге танымал, атақты әнші. Ауылдың көп баласымен бірге суысқан шегеқұмды кешіп, көл жағалап ойнайтынбыз. Әдемі орамалдар, неше түрлі шүберектерден безендіріп, сахна жасап, ән айтатынбыз. Роза, Бибігүл апаларымыздың дауысын саламыз. Жоғары ноталарға даусымыз жетпей жатады. Сонда бір қыздардың ойлап тапқаны, талдың бұтағын кесіп алып, шынтағымызға тіреп қойып, оны шынының сынығымен ысқылап, скрипкада ойнағандай мәз болатынбыз. Кешікілік үйге келгенде “Қолдарына не болған?” деп анамыз ұрысып жүргені сол.

Иә, арманыма жетіп, әнші болдым. Мектеп бітіргеннен кейін М.Мәметова атындағы педучилищеге оқуға түстім. Одан соң облыстық филармонияға жолдамалармен келіп, алғашқы бір-екі жылда әртүрлі мәдени үгіт бригадасында еңбек етіп жүрдік. Содан кейін тұрақты бір бригадаға маман ретінде қабылданды. Қазір, міне, 44 жылдан бері осы филармония қабырғасында еңбек етіп келемін.



Аманжол КЕНЕНБАЕВ, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі:

— Бала күні арман-қиялға берілмейтін жан болмайтын шығар. Арман әр адамда әртүрлі болады. Шығармашылық жұмыс бабымен шетелге, ұзақтау сапарларға жиі шығамыз. Әрдайым ұшаққа мініп, заңғар көкке көтерілген сәтте сол бала кездегі қиялым үнемі еске түседі. Ол кезде біздің

«БҰЛТТАРДЫҢ АР ЖАҒЫНДА НЕ БАР?»

«Бірлестік» ауылында сегізжылдық мектеп болды. Кейін алысрақ барып оқыдық. Бастауыш сыныпта менің бір жаман әдегім – жалқау болдым. 8-9 жасар кезімде мектепке барғым келмейтін. Сабакты нашар оқығаным жок, бірсарындылық жалықтырып жіберетін.

Есесен, табиғатты тамашалағанды, айдалада өзіммен-өзім оңаша отырып, шексіз алқарақөк аспанға, ондағы ақшаңқан бұлттарға қарап ой кешкенді ұнататынмын. Әсіресе, көктемде бұлттар керемет әдемі болады. Төбемнен ұшақ ұшып өтеді. Бала қиялы қашанда жүйрік қой. Осы көріністер арманшыл қиялыма қанат бітіреді. Сонау заңғар биіктегі ұшаққа қызға қарап отырып: «Шіркін, бұлттың арғы бетін көрсем!» деп сан мәрте қиялдағаным осы күні ұзақ сапарға шыққанда ұдайы есіме түседі.

Мәселен, Парижде, Лондонға ұшақпен 8-10 сағат ұшасың. Былтыр көптеген мемлекеттің суретшілері Киірге жиналды. Сондай алыс сапарға шыққан сайын иллюминатордан ақ бұлттармен көмкерілген әлемге сүйсіне қараймын. Бейне аппақ мақтадай шашылып жатқан бұлтты, алтын күннің шашырай түскен сәулесін көріп: «Ой, Алла, менің бала қиялым орындалды-ау!» деп ойлаймын.



Арнұр КОШЕНЕЙ, жырау, Мәдениет саласының үздігі:

— Бала кезімде еркелеу болдым. Бірақ тәртіпті, үлгерімі жақсы оқушылардың бірі едім. Мектептегі шараларға белсене қатысатынмын. Шамамы, 4 із 5-ні бітірген кезіміз болар, соңғы қоныраудан кейін сол үстіміздегі киімімізді де шешпестен, Сәбит, Жаксылық деген класта балалар бар, үшеуіміз “балыққа барамыз”

деп тартып кеттік. Бір-бір белселеуіміз мініп алғанбыз. “Дауылқолде балық көп” дегенді үлкендерден естігенбіз, сол жерге барып, балықауламақшымыз. Қолымызда бірде-

«БАЛЫҚҚА БАРҒАНДА»...

бір құрал-сайманымыз жоқ. Ауылдан ұзап, құмның ішіне түскенде белселеуіміз жүруге жарамай, шенгелдердің арасына жасырып, жауа тарттық. Бір уақытта көлдің басына да жеттік-ау. Біз барғанда бес-алты адам кермеше құрып, балық аулап отыр екен. Бізді көріп: “Келіңдер, сендер балықты қуыңдар, соңынан үлестеріңді береміз” – деді. Содан балық аулаудың қызығына түсіп кеттік. Бала болсақ та біраз балық аулап бердік. Ішінде үлкен-үлкен балықтар бар. Сонымен, әлгі адамдар бізге бір балық берместен жинап алып, көліктерімен кетіп қалды.

Күн кешкіртіп, қаранғылық түскен кез. Қорықсақ та, ауылға қарай жолға шықтық. Әбден шаршаған, жолдан адасып кеткенбіз, үсті-басымыз батпақ-батпақ. Қорынымыз аш, шөлдегенбіз, зорға келеміз. Бір кезде жүк көлігінің жарығы көрінді. Соған жүгіріп жетіп, айтуейір, аман-есен ауылға келдік. Сөйтсек, бүкіл ауыл болып бізді іздеген, неше түрлі ойға кетіп, абыр-сабыр болған екен.

Әлі күнге дейін оймама түссе күлемін, анам мені құшақтағысы кеп жақындаса, “ұрады екен” деп қашып ұстатпаймын. Ауылдың бәрі біздің аман-есен келгенімізге қуанып жатыр. Балалық-ай... Осындай бір қызық жағдай басымыздан өткен.

Рүстем АЙБОЛАТ, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті



● АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫСЫ

Ұлттың ұлы тұлғасы

Еліміз өз тәуелсіздігін алған кезеңнен бері қазақ тарихының ақтандақ беттерін түгендеу жұмыстары жүргізіліп келеді. Бұл орайда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасымен қазақ ғалымдарының алыс және жақын шет елдердегі, соның ішінде Қытайдың архивтеріндегі ізденістің ұлт тарихын едәуір түгендеуге зор әсер еткені бар. Алайда, әлі де болса, төл тарихымызды тереңінен зерделеп, оны бүгінгі күннің ақиқатына және талабына сай қалпына келтіру керек-ақ. Бұл орайда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында «Тәуелсіздігіміздің мерейтойы аясында біртұар тұлғаларды еске алып, олардың мұрасын жастарымызға және бүкіл әлемге паш етуіміз керек. Сонымен бірге, осы тақырыпты зерттеп жүрген ғалымдар мен жазушылардың да еңбегі қолдауға ие болуы және бағалануы қажет. Алаш арыстарының асыл мұрасын игеру жалғаса беруге тиіс», деп жазған болатын.

Шынында да, халқымыздың каншама кеменгер тұлғалары мен кешегі алаш қайраткерлерінің есімдері және олардың ұлт үшін, ұлттық мүдде үшін жазықсыз жапа шеккендерін әлі де аз білеміз, әлі де толыққанды тарихи зерттеулер жазылмай келеді деуге болады. Ойлап қарасаң, каншама жазықсыз адамдардың рухы әлі күнге дейін тарих пен ұрпақ алдында, әулетінің алдында ақталуын күтіп отырғаны да ақиқат.

Бұл орайда Президентіміздің «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлығының шығуы да және соның негізінде қазір арнайы комиссия өз жұмысына кірісіп жатқаны да көңілге жұбаншы әкеледі. Жазықсыз жала жабылып, ел мүддесі үшін жазықсыз құрбан болған ұлт қайраткерлерін ақтау – олардың рухы һәм ұрпақ алдындағы борышымыз және де әр-ұждан алдындағы өзіміздің де арылуымыз үшін қажет.

Әлемдік саясатта түрлі дүбірлі оқиғаларға аса бай болған ХХ ғасырдың басындағы қазақ халқының арасынан шыққан аса ірі саясаткерлер Әлихан Бөкейханов пен Мұстафа Шоқайды шоқтығы ерекше биік тұлғалар деп айтуға болар еді. Қазіргі уақытта Мұстафа Шоқай және Түркістан легионына қатысушыларды ақтау мәселесінде әлі де болса қарама-қайшылықты көзқарастар мен түрлі пікірлердің бары да анық. Соған қарамастан саяси ақталуды күтіп отырған саяси тұлғаның бірі – Мұстафа Шоқай мен Түркістан легионына қатысушылар екендігі ұлт тарихын түгендеу үшін аса қажетті қадам болар еді деген пікірімізді тағы да бір қайыра жаңғыртуды жөн санадық. Сөз жоқ, Мұстафа Шоқай аса ірі саяси қайраткер! Сонан да болар кешегі Кеңес өкіметі кезінде Мұстафа Шоқайдың есімін атаудың өзі мүмкін болмады. Тіпті Мұстафа Шоқайдың атын атағандардың өздерінің бастарынан кикү кетпегені де белгілі.

Кеңестік жүйенің бар саяси күш-жігері Мұстафа Шоқайды «сатқын» деп көрсетуге жұмылдырылды. Кеңес адамдарының санасын көз жазбай бақылау және кеңестік идеологияны адамдардың санасына сіңірудің нәтижесінде біз нақтылы ақиқаттан көз жазып қалған едік. Міне, сондай әрекеттің бірі ретінде 1925 жылы «Түркистан милли бирлиги» ұйымының төрағасы болып сайланғаннан кейін Мұстафа Шоқайға «ағылшын тыңшысы» деген жала жабылды. Дәл осы жылы И.Сталиннің Қазақ өлкелік большевиктер комитетіне жолдаған «Қазақ баспасөзі туралы» хатында «Ақжол» газетінің Мұстафа Шоқаймен байланысы туралы айыптауы бекер емес еді. Бұл ұнпазақ Ташкентте шығып тұрғанымен, Қазақстанда кеңінен таралған Алаш азаматтарының үні болған-ды.

Бір жылда, яғни 1925 жылы болған осы жайлардан-ақ, эмиграциядағы саяси қайраткерлердің іс-әрекеті кеңестік арнайы органдардың жіті бақылауында болғандығын көрсетері – даусыз ақиқат. Башқұрт эмигранттарының тарихын зерттеуші ғалым М.Н.Фархатов өзінің зерттеу еңбегінде Мұстафа Шоқай «Түркистан милли бирлиги» ұйымының төрағалығына сайланғаннан кейін бір жылдан соң «ағылшын шпионы» ретінде айып тағылып, басшылықтан кетуге мәжбүр болғанын жазады. 1927 жылы оның орнына Заки Валиди тағайындалды. Алайда 1929 жылы поляк, француз органдарының тексеріс жүргізулерінің нәтижесінде Мұстафа Шоқайдың ағылшындармен ешбір байланысы жоқтығы дәлелденді де, ол Түркістан Одағының басшылық құрамына қайта сайланады. Кейіннен осы бір әдейі таратылған Мұстафа Шоқайдың «сатқындық» мәселесі «Үлкен Түркістанның күйреуі» деп аталатын «деректерге негізделіп жазылған» әдеби шығармаға да еніп кетті. Бұл орайда белгілі тарихшы Дархан Қыдырәлінің «Егемен Қазақстан» (7 қаңтар 2021жыл) газетінде жарық көрген «Мұстафа Шоқай және «Яш Түркістан» атты көлемді зерттеу еңбегінде көптеген құнды деректер арқылы Мұстафа Шоқайдың түркі халықтарының шынайы көсемі бола білгендігін анық көрсетеді.

Аса күрделі тарихи осы бір кезеңді

зерттеушілер Б.Садықованың француз жаны неміс, Г.Көкебаеваның да неміс, ал Ә.Қараның Түркия архивтеріндегі деректерге негізделген зерттеулері Мұстафа Шоқайдың саяси қызметінің ешқандай шпиондық қызметпен байланысы мүлдем жоқ болғандығын дәлелдеп берді. Польшадағы «Прометей» ұйымындағы жұмысы да «агент» ретіндегі қызмет емес, Ресейге қарсы жүргізген саяси қызметімен байланысты болды. Себебі патшалық Ресейден әбден зәбір көрген елдің бірі Польша еді. Поляктар 1918 жылы тәуелсіздікке қол жеткізумен бірге Қызыл Армияның шабуылына да тойтарыс бере отырып, Польша үкіметі Ресейге қарсы барлық топтардың басын біріктіруге күш салған болатын. Саяси күресте Польшаның ертеден келе жатқан «менің жауымның жауы – менің досым» қағидасын қолданғаны айқын. Дүниежүзілік пролетариаттың «күн көсемі» Лениннің өзі Ресейдегі пролетарлық революцияны Германияның қаржысына жүзеге асырғаны қазіргі кезеңде баршаға белгілі.

Түркістан легионын құрушы ретінде көрсетіп бағу – Мұстафа Шоқайға тағылып келген екінші бір жала мен айыптың түрі. Бұл үстірт айтылған және мүлдем қате пікір деп санаймыз. Кеңес Одағына соғыс ашардан бір апта бұрын, яғни, 1941 жылы 17 маусымында фашистік Германияның Сыртқы істер министрлігі Советтерге қарсы күресте қолданылатын саяси насихат жұмыстарының негізгі бағыттары бойынша кеңес өткізді. Сол кеңесте тұтқынға түсетін кеңес әскерлерімен жұмыс жүргізудің мәселесі қаралды. Қазіргі уақытта неміс мәліметтері бойынша соғыстың алғашқы үш аптасында 360 мың совет жауынгерлері, ал 1941 жылдың соңына таман 3,3 миллион әскерилер тұтқынға түскендігі белгілі жайт. Мұндай жағдайды немістердің өздері де күткен жоқ болатын. Міне, тұтқындармен алдын-ала жоспарланған жұмыс жүргізуге ұлттық белгілеріне байланысты эмигранттардың беделді басшылары кеңінен тартылды. Көнегендерін мәжбүрледі. Сондай көнбеген адамның бірі Мұстафа Шоқай болды. Бұған дәлел, зерттеуші Г.Көкебаева өз еңбегінде неміс дипломатының хатынан үзінді келтіре отырып, Мұстафа Шоқайдың Розенбергтің бұйрығы бойынша Парижде тұтқындалып, Берлинге жеткізілгендігін көрсетеді.

Жалпы осы мәселеде сол уақыттағы шет елдердегі Ресей эмиграциясының құрамын және сол кезеңдегі идеологиялық қарама-қайшылықтарды да дұрыс түсінген жөн. Ресейде большевиктер билікке келгеннен кейін осы елден 2 миллионға жуық адам шет мемлекеттерге кетуге мәжбүр болды. Жалпы сол эмигранттар «ақгвардияшылар» деп аталғанымен, олардың ұлттық құрамы мен ұстанған идеялары және қаржыландыру жолдары да әр түрлі болды.

Біз Мұстафа Шоқайдың соғыс қарсаңындағы эмиграциядағы қызметін Ресей эмигранттарының қызметін шеңберінде қарастыра отырып, әуелі оның ерекшеліктерін айқындап алу керек деп санаймыз. Ресей эмиграциясының ядросы, яғни дінгеі патша әскерлерінің генералдары ұйымдастырған Ресей әскери одақтарының бірлестігі (РОВС) деп аталатын әскерилер одағы болғаны белгілі. 1940 жылы Германия Кеңес Одағына соғыс ашатыны белгілі болған кезде осы әскерилер одағы: «Ақтар қозғалысының нағыз достары жоқ. Бірақ туған жерімізде күрестің қайта жанданатындығының үмігін тудырады» деп мәлімдеме жасаған болатын. Бұл мәлімдеме арқылы Кеңес Одағына қарсы ұйымдастырылған соғысты әр эмиграциялық топтың әр түрлі қабылдағаны көрінеді.

Алайда, осы арада Түркістан эмиграциясының ақгвардияшылар сияқты әскери ұйымдары болмағандығын басты назарға алуға тиістіміз. Сонымен бірге Мұстафа Шоқай неміс факистеріне үлкен үміт артты деген пікірлер де негізсіз екендігін ескерген жөн.

Сол бір тар жол, тайғақ кешу замандарда өмірлік серігі де, тірегі де болған Мұстафа Шоқайдың жары Мария Шоқайдың естеліктерінде Мұстафаның Гитлер мен Сталинге



берген мінездемелері бар. Мұстафа Шоқай фашизмді де, большевизмді де айыптап, олардың билігінің зардаптарын алдын-ала болжаған адам. Міне, осындай шынайы отаншыл саяси қайраткерге Түркістан легионының негізін қалады деп жала жабу немесе айып тағуды негізсіз деп санаймыз. Ендігі арада Мұстафа Шоқай соғыстың алғашқы кезеңінде кеңес жауынгерлерінің тұтқынға көптеп түсуі жағдайында және сол тұтқындардың арасында Кеңес Одағының Орта Азия мемлекеттерінен шыққан жауынгерлерді құтқаруға, тым болмаса солардың жағдайларын жақсартуға күш салғандығын басты назарға алуға міндеттіміз.

Мұстафа Шоқайдың неміс-фашистерімен ешбір келісімге бармағандығын, қарулы күреске қатыспағандығын Ресей Федерациясының сыртқы барлау қызметінің генерал-майоры Л.Соцковтың «Неизвестный сепаратизм. На службе СД и Абвера. Из секретных досье разведки» деп аталатын монографиясынан да көруге болады. Сол сыртқы барлау қызметі ОГПУ, НКВД, МГБ, КГБ архивтеріндегі деректерге сүйене отырып, немістермен келісімге барып, қызмет істеген эмиграциядағы саяси қайраткерлер туралы толық мәлімет береді. Эмиграция басшыларының толық адресінің көрсетілуі, олардың кіммен, қай жерде кездескені туралы мәліметтердің мол болуына қарағанда кеңестік қауіпсіздік қызметінің эмиграция басшыларын қатаң бақылауға алғандығын анық көрсетеді.

Осы еңбекте 180 мың адамдық Түркістан легионын құрушы және оның басшысы ретінде Вали Каюм көрсетілді және ол нақты деректермен дәлелденеді. Мұстафа Шоқайдың есімі осы еңбектің (177-бет) бір жерінде ғана, 1922 жылы Орта Азиядан Германияға оқуға келген Вали Каюмның шетелде қалып қоюына әсер еткен «Түркістан эмиграциясының көрнекті өкілі Мұстафа Шоқай» деген ғана мәлімет бар. Ресей сыртқы барлау қызметінің деректеріне негізделген осы еңбекте Мұстафа Шоқайдың немістердің әскери шараларына қатыспағандығын, яғни оның фашистермен ауыз жаласты деген пікірдің жансақ әрі жабылған жала екендігін айқын көрсетіп отыр.

Ресейде басылып шыққан «Общественная мысль русского зарубежья» деген энциклопедияда «оның тағдырында көп нәрсе түсініксіз, бірақ айқын бір нәрсе бар, нацистер оны өз жағына шығара алмады» деп Мұстафа Шоқай туралы ақиқаттың айтылғандығы да ендігі арада назарға алынса етті.

Қазақы орта үшін әлі де Алаш қозғалысы мен Мұстафа Шоқай арасындағы байланыстың жігі ұғынықты етіліп айқындалмай келе жатқаны бар. Мұстафа Шоқай – Қоқан автономиясын ұйымдастырушы ретінде танылған тұлға. Содан ба екен, Мұстафа Шоқай Қазақ автономиясын құруға қатысты зерттеулерде ғана аталып жүр. Тарихшыларымыз К.Нұрпейісов, М.Қойгелдиевтің және басқа да зерттеушілердің еңбектерінде бұл мәселе кеңінен зерттелді және М.Шоқайдың Қазақ автономиясын құрушылардың бірі екені белгілі жағдай. Оны саяси күреске тартқан Әлихан Бөкейханов болатын.

Мұстафа Шоқай мұсылманшылдық пен түркішілдіктің қарама-қайшылығын шешуге ұмтылған саяси қайраткер болды. Патша өкіметі құлағаннан кейін Орта Азия халықтарының дербестік үшін күресін үш үлкен саяси топ жалғастырды. Біріншісі – мұсылмандық қозғалыс. Екіншісі – аймақтардағы ұлтшылдық қозғалыс. Үшіншісі – Орта Азия халықтарының басын біріктіруге тырысқан түркішілдік қозғалыс.

Ұлттың өзін-өзі билеу идеясын жүзеге асыруға ұмтылған сая-

си қозғалыстың бірі Қазақстандағы «Алаш» қозғалысы болды. Мұстафа Шоқай Сырдария облысының өкілі ретінде «Алаш» қозғалысын ұйымдастыру шараларына белсене қатысты. Патшалық Ресейдің Түркістан генерал-губернаторлығының құрамына кіретін Сырдария облысының орталығы Ташкент қаласы болды және ол Орта Азияның ең ірі саяси орталығы еді. Міне, осы себепті Мұстафа Шоқайдың саяси қызметі Ташкент пен Петербург қалаларында өтіп жүрді.

Өмірлік тәжірибесі бай әрі білім деңгейі де жоғары Мұстафа Шоқай Ресей Мемлекеттік Думаындағы Мұсылман фракциясы мен Бюросындағы саяси жұмысы арқылы түркі халықтарының Ресей мемлекетінің саясатына қарсы шамасы келмейтінін бірден түсінген болатын. Осы себепті де ол түркі халықтарының басын біріктіруге ұмтылды. Сол кезде Мемлекеттік Дума бұратана халықтар көтерілістерінің себептері мен салдарын анықтауға комиссия құрып, А.Керенский мен К.Тевкелевті Орта Азияға жібергенде, Мұстафа Шоқай жол көрсетуші ретінде солармен бірге барды. Ол осы сапарынан кейін-ақ Ресей сияқты алып мемлекетке қарсы түркі халықтары бірлесе күреспесе, жеке-жеке әрқайсысының шамаларының келмейтінін түсінген еді.

Түркі халықтарының сол кездегі саяси басшыларының «түркішілдік» идеясын нығайтуына жәдидшілер қозғалысы, Ресейдегі революция, Мемлекеттік Думадағы Мұсылман фракциясындағы бірігіп жасаған саяси қызметтерінің барысы әсер етті. Ресей империясының күші мен ықпалын, саяси элитаның шовинистік көзқарастарын байқаған түрік халықтарының саяси қайраткерлері бірігу қажеттігін терен түсіне бастаған-ды. Сол кезде түрлі автономиялардың пайда болуы күш біріктірудің, талап қоюдың тактикасы болды. Түркістан, Алаш, Башқұрт автономияларының құрылуы осы идеяның негізінде жүзеге асты.

Қай елде болса да саяси қайраткерлердің дайындығы және әлеуметтік-экономикалық жағдайдың пісіп-жетілуі автономиялардың пайда болуына негіз болды. Автономиялар бірігіп, «Мұсылман Федерациясы» немесе «Шығыс Россияның мұсылман штаттары» одағына айналуға тиісті болды. Бұл жағдай бастапқыда жалпы түркістандық партия құруға тырысудан байқалады. Түрік тарихшысы С.Эршахин «Жалпы түркістандық социалистік партия құру идеясы 1919 жылы Москвада талқыланды, ал 1920 жылы Бакуде жарғысы талқыланды. Осы партияны құру мәселесіне Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынов қатысуы мүмкін» деген болжамын көрсетті. Ал кейіннен большевиктер күшейген уақытта, Заки Уәлиди 1921 жылы Бұқарада ұйымдастырған конференциясында да осы мәселеге, яғни автономиялардың одағы мәселесі, қазақ және кырғыз интеллигенциясының талаптары бойынша талқыланды деп жазды. Бұқарадағы осы жиналысқа Алаш қозғалысының атынан Мұхтар Әуезов пен Хайретдин Болғанбаев және Дінше Әділов қатысқан еді.

1934 жылы эмиграциядағы әзербайжандардың басшысы Али Мардан бек Топшыбашыны жерлеуде сөйлеген сөзінде Мұстафа Шоқай «Ресейдегі түрік халықтары империяның басқа халықтары сияқты құқықты талап еткенде бізді «панисламизммен» және «пантюкризммен» айыптай бастады. Ресей билігіндегілер осы екі терминді «революция» терминінен де қауіпті деп есептеді, себебі осы екі термин ұлттың өзін-өзі тану элементтерін бойына жинақтаған болатын» деген болатын.

Мұстафа Шоқай патша билігі құлағаннан кейін, оның кешегі бағыныштылары болған Польшаның тәуелсіздігіне қол жеткізген генерал Пилсудский, тәуелсіз Финляндияның негізін қалаған генерал Маннергейм, Украинаның дербестігі үшін күрескен Скоропадский сияқты қайраткерлер санатындағы тұлға екендігі даусыз. Польша мен Финляндия халқы өздерін отарлаушы елден мәдени жетістіктерімен, ұлттың өзін-өзі тану деңгейімен ғана бөлініп, дербес кете алды. М.Шоқай Ресейдегі түркі халықтарының білім деңгейінің төмендігін жақсы білгендіктен олардың жойылып, жұтылып кетулерінен сақтау үшін күресті.

Әрине, Мұстафа Шоқай – тек қазақ емес, бүкіл түркі тілдес халықтар мойындаған, еңбегін жоғары бағалаған тұлға. Оған саяси баға Кеңес Одағы ыдырамай тұрғанда, 1991 жылы 24 мамырда «Қазақ әдебиеті» газетінде қазақтың дара перзенттерінің бірі Әнуар Әлімжановтың «Мұстафа Шоқай!..Ол кім?» деген мақаласында берілген болатын. Содан бері, міне, 30 жыл өтті. Осы отыз жылдың ішінде Мұстафа Шоқайдың шығармашылығына, саяси қызметіне жоғары баға беріліп келеді. Аса ірі тұлға жайлы көптеген монографиялар мен мақалалар жазылды, конференциялар өткізілді, деректі және көркемсуретті фильмдер түсірілді. Алайда осыған қарамастан, Мұстафа Шоқай ресми түрде саяси жағынан әлі де ақталған жоқ. Кеңестік жүйе қалыптастырған өктем саясаттың ықпалынан, жалтақтықтан арыла алмай келеміз. Кез келген ұлт қайраткерінің тәуелсіздік жолындағы тартқан қасіретіне нем-құрылы қарауға болмайды. Мұстафа Шоқай сынды ұлы тұлғаның ұлт тарихы алдындағы саяси орны толық анықталып, оған мемлекеттік тұрғыда баға берілуі керек деп білеміз.

Әрине, бұл істе бірнеше даулы мәселенің алдымызды орайтыны бар. Біріншісі – құқықтық мәселе. Мұстафа Шоқай Кеңес Одағының азаматы болған жоқ және сотталған жоқ. Сондықтан құқықтық жағынан ақтаудың қажеті жоқ деушілер бар. Мысалы, қазақтың белгілі қаламгері Қасымхан Бегмамановтың фильміне байланысты 1995 жылы Әскемнен болған сот кезінде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Мұстафа Шоқайға байланысты «Мұстафа Шоқайдың неміс-фашистерімен қызметтес болды деп есептеуге негіз жоқ. Оған қатысты қылмыстық іс қозғалған жоқ. Құқық қорғау органдары тарапынан М.Шоқайға кінә тағылған жоқ» деп берген анықтамасы да бар.

Екінші айтылатын уәж бойынша Мұстафа Шоқайдың еңбектерін, шығармаларын насихаттауға ешкім кедергі келтіріп отырған жоқ дегенді алға тартады. Алайда, орыс тілді басшыларда әлі күнге Мұстафа Шоқайды негізсіз қаралау жалғасып отыр. Сондықтан да, Әнуар Әлімжанов ағамыз айтқандай, «Ақиқаттың жаршысы, Орта Азия мен Қазақстан халықтарының Бостандығы мен Тендігінің жан аямас жолшысы» – Мұстафа Шоқайдың саяси жағынан ақталатын уақыты әбден жетті!

Егер біз қазіргі уақытта өз ұлты мен елінің мүддесіне аянбай қызмет еткен халқымыздың ұлы тұлғаларына қандай құрмет көрсетсек, келер ұрпақ та тәуелсіз қазақ мемлекетін құрып әлемге танытқан қайраткерлерге де сондай құрмет көрсететін болады. Бұл – тарихи аксиома! Күннің көзін бүркемелеу қаншалықты мүмкін болмаса, Мұстафа Шоқайдың да қайраткерлігі мен халқына адалдығын, қайсарлығын және де тарихи тағдырлы сөздерін көлегейлеп те, жасырып та жоққа шығара алмаймыз.

Мұстафа Шоқайдың есімі мен тарихи қызметін мәңгілік есте қалдыру ісін әуелі оның кіндік қаны тамған жері Қызылорда облысындағы Шиелі ауданының атын Мұстафа Шоқайдың есімімен атаудан бастау керек.

Қазір Тұңғыш Президентіміз, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен көне Түркістан қайта тұлға үстінде. Түркістан қаласы бүкіл түркі тілдес халықтардың рухани астанасына айналмақшы. Кезінде Мұстафа Шоқай да біртұтас Түркістан мемлекетін орнатуды арман етіп кеткен болатын. Сол қасиетті Түркістан қаласында түркі тілдес халықтардың көсемі болған Мұстафа Шоқайға сәулетті ескерткіш орнатылып, үлкен көшеге аты беріле, нұр үстіне нұр болар еді.

Мәңгілік ел болуды мұрат етіп және жоғалып бара жатқан ұлттық құндылықтарымызды жаңғыртуды қолға алып отырған бүгінгі ұрпақтың Мұстафа Шоқай алдындағы өз парызымызды өтейтін тарихи кезеңде тұрмыз. Және де ол кезең келіп жетті!

Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ,
Парламент Сенатының
депутаты, саяси ғылымдар
докторы, профессор

Біз қайдан шықтық? Біздің ата-бабаларымыз қай уақытта тарих сахнасынан орын алды? Ежелгі үйсіндер мен ғұндардың қазақтарға қандай қатысы бар? Осындай өзекті сауалдарға қазіргі уақытта бұған нақты, дәйекті жауап жоқ. Ал, осы мәселеге орай жартыкеш, күмәнді жауап ешкімді қанағаттандырмасы және даусыз.

XX ғасырдың басында келешекті болжайтын әрі білікті тарихшы Мұхаметжан Тынышпаев қазақ рулары мен тайпаларына қатысты нақты ғылыми зерттеулердің айқын бағытын көрсетті. Ол былай деп жазды: «Саны аз бірқатар қырғыз (қазақ - Ә.Д.) руларының тарихы Р.Х. кезеңдерден басталады (біздің

бөлінген. Қара ғұндар – билеуші, жауынгер және малшы болса, ақ ғұндар абыздардан құралған, әскері көп, жауынгерлік бөлімдері жетерлік сипатқа ие еді. Олар өздерінің атауларына сай ақ түсті киіммен жүрді. Аттила жауынгерлерінің құрамында үйсіндердің саны қанша екендігі жөнінде «Велесов

олардың ана тілі – үйсін-ғұн тілі.

ГрекдерекшісіПрискПанийскидің мәліметіне сәйкес, Паннония (Венгрия) ғұндар державасының бір орталығы болған. Оның мәліметі біздің тараптан қосылған деректермен нақтылай түседі. Мысалы, венгерлік 248 белгінің 91-і қазақтың барлық таңбасымен сәйкес келеді. Жүзге бөлінген тұста Ұлы жүз тайпаларында – 29, Орта жүзде – 21, Кіші жүзде 18 белгі болған екен. Сондықтан да, венгерлердің ортасында үйсін-ғұндардың, соның ішінде қазақ тайпалары мен руларының ғұмыр кешкені айқын, олардың өз орны бар және бұл заңды құбылыс деп санауға болады.

Міне, осы атактарды қазақ халқы ұдайы есінде сақтап, бесіктей тербетеді. Бұлардың барлығы көшпелілер ұрпақтарына қашанда қадірлі әрі қасиетті.

Сібірде Қотан Үйсін, Шора, Тағар, тағы да басқа қазақтың аңызға айналған есімдерімен байланысты топонимдер мен гидронимдер кездесті.

Қытайдың солтүстік-шығысында Байди атты ежелгі округ орын тепкен. Ғалым Б.Алтаев оны аңыз адам Бәйдібек Қарашаұлымен ұқсастырады. Ал, Алтайда күмәнді халқының құрамына енетін чабараш руы (қазақша – сеок-сүйек) бар. Біздіңше, олар шапырашты тайпасының бір бұтағы секілді. Келтірілген

таңдап алғандай еді. Аттиланың ұлдары Эллак, Теңізхан және Ирпах та бұл орайда назардан тыс қалмады. Олар үйсін-ғұндар билеушілерінің чуваштармен, қазақ тайпалары және руларымен терең әрі тығыз тарихи байланыста болғандығын алақандағыдай ашық көрсетіп отыр.

Қазақтардың аты аңызға айналған арғы ата-бабаларының есімдері чуваштардың арасында жиі кездеседі. Бұл деректерді М.Н.Юхманың «Чуваштық есімдер» атты кітабынан кездестіруге толық мүмкіндік бар. Аталған кітап 2008 жылы Чебоксарыда басылып шыққан. Енді назарларыңызға алдымен қазақ, сосын чуваштық есімдерді салыстырмалы түрде ұсынып көрелік:

Қалша (Калась), Алаш (Елаш, Улаш), Қазақ (Казук, Казок, Хозахбай, Хазахбай, Хосахпай, Хусак, Хузак), Созак (Сосак, Сазак), Арыс (Арас), Бақтияр (Бахтиер), Майкы (Маймак), Үйсін (Ушшан, Ушине), Қараша (Карчча), Бәйдібек (Байдимер, Байдумер), Сіргелі (Сирмек), Шапырашты (Шарпаш, Шарбан), Албан (Алван), Қоңырат (Кантратти, Кондрати), Керей (Кирей), Найман (Шайман), Адай (Атай, Адай), Тама (Тама), Шомекей (Чомекей, Чомекей) және тағы басқалар. Көрсетілген үлгіден-ақ қазақ есімдерінің чуваштық есімдермен тонның ішкі бауындай араласып, астасып кеткендігін аңғарамыз. Айтқандай, чуваштардың арасында ғұндар билеушілерінің есімдерін иелену кеңінен тараған.

Қоңырат тайпасының қуаттылығы сондай, олар еуропалық есімдер мен географиялық атауларға өзіндік іздерін қалдырып кетті. Солардың қатарында Конрад есімін иеленген германдық императорлар, украиналық Кондратенко, Кондратюк тегіндегілер, орыстың Кондратьев, Кондрат есімі, Молдовадағы Комрат қаласы, тағысын-тағы мысалдар жетерлік.

Рашид ад-Дин өзінің «Жамиғ атауарих» кітабында қоңырат тайпасының шығу тегін ашып көрсетуге ұмтылды. Ақпарат оған бұл туралы тек там-тұмдап қана мәлімет берген. Қоңырат – ежелгі тайпа. Мәселен, Ұлы Болғарияның ханы Қубраттың (620-660 жылдар) анасы Ақжан қоңырат тайпасынан шыққан. Алыстағы Бельгияда Суаны қаласы бар. Біздіңше, қаланың бұлай атауында суан тайпасының қатысы бар.

444 жылы суандар, вандалдар, аландар Галлияға (қазір Франция жері) шабуыл жасады. Олар осы жерді өздеріне бағындырды (Лукас де Туи. Мунди хроникасы. XIII ғасыр). Кітаптың оригиналы мен көшірмесі Испан ұлттық кітапханасында сақтаулы.

Суан мен албандар чуваштардың ежелгі эпосы «Атил және Кримкиде» жиі айтылады. Бұл деректер суан мен албандардың саяси сахнаға өте ежелгі замандарда шыққанын дәлелдейді. Польша-Литва королі, Ливон соғысында Иван Қахарлыны жеңген, ұлты секей Стефан Баторий түбі түркі. Оның аты-жөні былай болып келеді: «ыстыпан» (ысты – тайпа атауы, пан – текті, тәкаппар, Баторий – батыр). Польшаның тағы бір королінің аты Сегізмунд (сегіз, мұн).

Арғындар да географиялық атауларға өздерінің ізін қалдырды. Солардың қатарында Сібірдегі Аргунь өзенін, Испаниядағы Арагон



6. Караша.
 - а) Чувашияның Чететск ауданындағы Хурашаш селосы.
 - б) Чувашияның Козловск ауданындағы Карач (Карача) селосы.
 - 7. Байдибек.
 - а) Чувашияның Шемуршинск ауданындағы Байдибек селосы.
 - б) Саратов облысы Қарабұлақ ауданындағы чуваштық Бәйдібек селосы.
 - 8. Шапырашты.
 - а) Чувашияның Чебоксарск ауданындағы Шарпаш селосы.
 - б) Чувашияның Морғаушск ауданындағы Шарпаш селосы.
 - 9. Ошақты. Чувашияның Морғаушск ауданындағы Очак селосы.
 - 10. Албан. Чувашияның Батыревск ауданындағы Алман (Алманча) селосы.
 - 11. Суан. Чувашияның Батыревск ауданындағы Тархан селосы Савам-кассиин көшесі.

Осы деректердің өзі-ақ қазақ тайпалары мен руларының Поволжье халықтарының этногенезіне қатысы барлығын ашық айқындаса керек.

Чуваштық географиялық атаулар өзіне осылайша ұлы билеушілер Баламер мен Аттиланың есімдерін



заманымызға дейінгі - Ә.Д.). Өкінішке қарай, ғылымның мұраттары мен ойлары қазақстандық тарихшылардың тарапынан бұл мәселені өздерінің тарихи-ғылыми еңбектерінде одан әрі дамыту аяқсыз қалды. Олар қазақтың шежіресінің шылауында қалып қойды. Қазақстан аумағының шеңберінде ғұмыр кешкен ежелгі қазақ тайпалары мен руларының тарихын жариялау бүгінгі еліміз үшін, сол уақыттың шындығы талапқа жауап бере алмайды. Бұл мәселеде жаңаша көзқарас, тың зерттеулер мен тарихи материалдарға иек арту талап етілетіні сөзсіз.

Ұлан-ғайыр деректер мен дәйектер қазақтың тайпалары мен рулары ежелгі үйсіндер мен ғұндардың құрамында болғандығын айғақтайды. Мұндай бай материалдар қайдан алынды? Бірінші кезекте, біз қазақ тайпалары мен руларының болгар, венгер, чуваш, секей, поляк, украин, орыс, француз, ағылшын, нидерланд, скандинавтар мен тағы басқа да халықтардың таңбаларына ұқсас таңбаларды кездестірдік. Аталған халықтарға бұл таңбаларды үйсін-ғұндар халықтардың Ұлы қоныс аудару кезеңдерінде жеткізгені белгілі. Петроглифтер мен тиындарда, жалауларда, геральдиктерде, археологиялық артефактілерде, музейлік экспонаттарда мұндай таңбалық белгілердің сансыз мөлшері бедерленгені айқын аңғарылады. Кең ауқымдағы материалдық деректерді топонимдер мен гидронимдер, адамдардың жеке аты-жөні, ғылыми әдебиеттің мәліметі де береді. Оларға салыстырмалы тандау жасау қазақ тайпалары мен руларының негізін Еуразияның ұлан-ғайыр кеңістігінде өмір сүрген ежелгі үйсін және ғұндар құрағанын айқын көрсетіп отыр.

Сонғы екі тайпа туралы біз не білеміз? Шын мәнісінде, үйсін және хұн тілі, діни сенімі, әдет-ғұрпы мен дәстүрі, салты, олардың біртұтас халық екенін көрсетеді. Үйсін мен хұндардың жас жігіттері, қыздары емін-еркін некеге тұрған. Үйсіндер өздерінің этникалық атағын сақтап қалды. Ал енді «хұн», «сюн» және «ғұн» атаулары діни жағынан айтылатын әңгіме. Оларды бұл мәселеде Күнге табыну жағы тығыз байланыстырса керек. Себебі, үйсіндер мен ғұндар тәңірліктер, яғни Күнге табынушылар екенін көпшілік біледі.

Айта кетерлігі сол, «хун» және «ғұн» атаулары ғылыми ортада көптеген дау туғызғаны анық. Көрнекті ресейлік ғалым К.А.Иностранцев оларды бір халық деп есептейді. Оның бұл пікір-идеясын «Велесов кітабы» жылнамасында келтірілген деректер нақтылай түссе керек. Мәселен, онда төмендегідей сөз келтіріледі: «Біз алдымыздан хұн тайпаларының немерелерінен өрбіген ғұндарды көрдік».

Қытай дереккөздері бойынша, хұн халқының құрамында 24 тайпа болса, ал ғұндардың құрамында олар бұдан да көп еді. Гот тарихшысы Иорданның хабарлауынша, солардың қатарында 178 ғұн (бәлкім, рулар) болған екен. (Иордан. Гетика). Ресейлік ғалым С.В.Трусов ғұндардың қатарында 45 тайпаның бар болғанын хабарлайды.

Ғұндар ақ және кара болып екіге

кітабы» жылнамасында жан-жақты айтылған. Осында ғұндар билеушісі Аттиланың аталған ежелгі халықтан шыққандығын еске салады. Ал, «Болгар хандарының есімдері» және өзге де ортағасырлық дереккөздерде Аттиланың руы баяндалады. Ол үйсіннің құрамына кіретін дуло (дулат) руының талассыз өкілі-тұғын.

Солтүстік хұндар Қытайдың қыспағымен Азиядан Еуропаға көш түзеді. Бұл кезеңдерде оларды біріктіріп, басшы болған талантты билеуші Баламер еді, оның шөбересі Аттила бүкіл Еуропаны тізе бүктірді. Аттила және ғұндардың ұрпақтары Еуропаның аумағында бірқатар таңғажайып мемлекеттерді құрды. Солардың қатарында Кубратханның Ұлы Болгариясы, Хазар және Авар қағанаттары, Шамбаттың Дулобасы, Аспарухтың Дунайдағы Болгариясы, Арпадтың Мадьяр мемлекеті, Лашиновичтердің Киев қағанаты, Волгадағы Булгария кімді де болса тәңгі ететін еді. Біздің ғылыми зерттеулеріміз аталған мемлекеттерді құруда оған үйсін, ғұндардың құрамына кіретін ежелгі қазақ тайпалары мен рулары белсенді түрде атсалысқанын анық айшықтай түседі. Бұл жөнінде мен өзімнің Шымкенттен 2018 жылы жарық көрген «Аттила және ғұндардың таңбалары» атты кітабымда жоғарыда айтқан пікірлерді жан-жақты байта отырып баяндадым. Осындай түйінге тоқталғаным және рас. Кітапта көрсетілген дәйектерге сәйкес, ғұндардың ұрпағы саналатын дунайлық болгарларға тиіс (165 танбаның, белгінің) 137-сі барлық қазақтың таңбасына ұқсас екен. Жүзге бөлінгенде төмендегіше мәселе алға тартылған: Ұлы жүздің болгарлардың белгілеріне ұқсас 90 белгісі болған. Оған қанды, жалайыр, сіргелі, шапырашты, ошақты, шанышкылы, дулат (сиқым, жаныс, шымыр, ботбай) тайпалары, ойық руы жатқан. Ал, Орта жүзде болгарлық белгілерге ұқсас 13 таңба бар еді. Атап айтқанда, олар – қоңырат, керей, уақ, арғын, найман тайпалары, бағаналы, тарақты, ергенекті, қаракерей рулары. Кіші жүзде болгар белгісіне ұқсайтын 34 таңба бар. Оған жаппас, төртқара, алаша, шеркеш, қарасақал, керейт, табын, адай, беріш, жағалбайлы, телеу, шекті, алшын, маскар, шөмекей, жүйі, қызылқұрт тайпалары жатады. Бұл – үлкен мөлшер. Айта кету керек, Еуропаны тізе бүктірген үйсін мен ғұндар тайпалары болгарлардың және қазақтардың ата-бабалары. Екі халықтың еншісі бөлінбегендігі – олардың қаны бір туыстығында жатыр. Бұл сөзімізге ортағасырлық болгарлардың үйсін-ғұн тілінде сойлегендігі дәлел. Мысалы, Дунайдағы Болгарияның ежелгі астанасы болған Плиска қаласындағы Крум ханның сарайының орнынан үйсін-ғұн тілінде жазылған тас тіреуіштер табылды. XX ғасырдың отызыншы жылдарында сол жазуларды венгерлік белгілі тарихшы әрі археолог Гезе Фежер көпшілікке оқып беріпті. Ал, академик М.Юхма сондағы 50 сөзді чуваш тіліне аударып, осы жолдардың авторы оларды қазақша сөйлетті. Рас, ежелгі болгар, чуваш және қазақ тілдері бір тамырдан нәр алады. Сайып келгенде,

Таңбалар мен атаулар сыры



Бүгінде чуваштар өздерін үйсін-ғұндардың, Еділдегі болгарлардың ұрпағы ретінде санайды. Бұл қорытынды ғылыми ортада берік позицияға ие болды. Чуваштар ежелгі үйсін-ғұндардың тілін сактай отырып, сөйлесуге ынталы. Өйткені, бұл тіл – ең ежелгі түркі тілі. Чуваш халқының тарихи-этникалық шығу ортасына біздің ғылыми дәйектемелеріміз бен деректеріміз жоғарыдағы сөзімізге дәлел бола алады.

Мәселен, 1962 жылы тарих ғалымдарының докторы В.Ф.Каховский 468 чуваш таңбасын жариялады. Солардың ішіндегі 196 таңба қазақтың барлық таңбасымен ұқсас (88 таңба Ұлы жүзге, 50-і Орта жүзге, 66-сы Кіші жүзге тиесілі екен). Көрсетілген фактілер қазақ және чуваш халықтарының этникалық жақын туыс болып келетіндігін дәлелдесе керек.

Қазақ тайпалары мен руларының таңбалары Ұлыбританияның, Германияның, Францияның, Нидерландының, Польшаның, Украинаның, Киевтің, Мәскеудің және Пенза облысының, Татарстанның, Башқұртстанның, Қырымның, Әзербайжан-ның, Солтүстік Кавказдың басқа да жерлердің аумақтарында кеңінен таралған. Олардың таңбаларын осылайша кеңінен тарату Баламер мен Аттиланың, сондай-ақ олардың ұрпақтарының жауынгерлік жорықтары кезеңдерінен хабардар болуға мүмкіндік берді.

Қазақ тайпалары мен руларының таңбалары балкарлардың, қарашайлардың, ноғайлардың, хазар мен аварлардың, құмық пен кабардиндердің, оғыз бен түрікмендердің, тағы да басқа халықтардың таңбаларымен ұқсас келуінің өзі зор маңызға ие. Себебі, осындай деректерге қарап, олардың да еуропалық үйсіндер және ғұндардың этногенезіне қатысқанын аңғару қиын емес.

Сондай-ақ, қазақ тайпалары мен руларының таңбалары Сібір, Моңғолия, Солтүстік Қытайдың аумақтарында да кеңінен таныстырылды. Олар – Алтайдағы Пазарық қорғандары, Минусинск котловинасындағы тас мүсіндер мен стелалар, Тувадағы Аржан қорғаны, тағы басқа аумақтардағы кездесетін таңбалар десек, артық айтқандық емес.

Топонимдер мен гидронимдер жөніндегі ауқымды материалдар халықтың ауызша айтылған шығармашылығында кездесетін олардың арғы ата-бабалары аңыз емес, нақты өмірдегі шынайы құбылыс екендігі даусыз. Сібірде сақталған төмендегі аңыз есімдерге назар аударайық:

- 1) Қадыр. Қалаша.
 - а) Калчан өзені (Тюмень облысы, Уватск ауданы).
 - б) Козар селосы (Забайкалье өлкесі Калар ауданы).
 - 2) Алаш.
 - а) Алаш платосы (Тыва).
 - б) Алаш өзені.
 - в) Алаш қаласы (Тывадағы Барун-Хемческ ауданы).
 - 3) Қазақ. Тастағы жазу: «Кзгоғлм-казак оглум» (Енисей).
 - 4) Арыс.
 - а) Арысканның қорығы (Тыва).
 - б) Арыскан қаласы (Тывадағы Улуг-Хемск ауданы).
 - в) Арыс-Бами қаласы (Тыва).



«Аза» кітабы қалай жазылды?

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі жаппай саяси қуғын-сүргінге ұшыраған адамдарға қатысты әділеттілікті қалпына келтіруге, жазықсыз жала құрбандарын ақтап, оларға келтірілген моральдық және материалдық залалды қазіргі заманға сай мүмкіндік шеңберінде өтеуді қамтамасыз ету мақсатында 1993 жылы «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заң қабылдады. Сол сияқты, 1997 жылы Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен «Жалпұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы» аталып өтті.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Тарихшылардың айтуынша, сол 1930 жылдары Қазақстанда 103 мың адам қуғын-сүргінге ұшырап, 25 мың адам ату жазасына кесілген. Бұдан бөлек, ашаршылық нәубетінен қаншама қандастарымыз көз жұмған. Бізге белгілісі, 1929 жылғы әдепкі ашаршылықта және 1932 жылғы екінші толқынында миллиондаған адам қырылған. Иә, қазақ халқының басына қара бұлт үйірген саяси қуғын-сүргін Сыр жұртшылығын да айналап өткен жоқ, облыста 4038 отбасы қуғынға ұшырап, 1153 адам атылған. Білуімізше, облыстық ішкі істер департаментінің архивінде сол жылдары қозғалған 6000-нан астам қылмыстық істің құжаттары сақталған.

Ашаршылық жылдары қаза болғандардың нақты саны белгісіз десек те, сол бір зұлмат

заманда өзгелерге қарағанда қазақ халқының көбірек зардап шеккені шындық. Оның үстіне ел ішіндегі шала сауатты «шолак белсенділер» де әміршіл жүйенің сойылын соғып, талайдың тағдырына тас атқанын жасыруға болмас. Бір сөзбен айтқанда, бұл ұлттың дамуына қарсы бағытталған саяси жоспар болды. Халықтың төрттен бірі бас сауғалап шет елдерге көшкен. Ал, Қазақстан аумағында орналасқан лагерлерге корейлер, поляктар, Еділ бойы немістері, Қырым татарлары, Кавказ халықтары және басқа да этнос өкілдері қоныс аударып келді. Өз басындағы тауқыметке қарамастан, қазақ халқы жер аударылып келген қаншама ұлт пен ұлысқа ыстық құшағын ашып, пана болды.

Сол заманғы тарихтың ашық шындығынан тағылым алу



мақсатында қуғын-сүргіннің құрбанына айналған 100 мыңнан астам адам туралы ақпарат қамтылған «Мемориал» веб-порталы іске қосылып, еліміздің әр аймағы бойынша «Аза» кітабы жарыққа шықты.

Қызылорда облысы бойынша 2000 жылы шығарылған Боздақтар – «Аза» естелік кітабының бас редакторы Х.Ембергенов. Кітаптың құрылтайшылар алқасына сол кездегі облыс әкімі С.Нұрғисаев төрағалық етсе, редакциялық алқаға И. Құттықожаев жетекшілік жасады.

«Аза» – отызыншы-қырқыншы жылдарда және елуінші жылдың бастапқы кезеңінде орын алған репрессия құрбандары туралы кітап. Бұл естелік кітапқа Қызылорда облысының боздақтары енген.

...«Еліміз егемендік алғаннан кейін тарих пердесін айқара ашып, тоталитарлық зобалаң кезеңдегі шаш алдесе, бас алған зорлық-зомбылық пен асыра сілтеушілік оқиғаларын тұтас күйінде ешқандай боямасыз, бүкпесіз ашықтан ашық, толыққанды мағынада айтуымызға мүмкіндік туды. Мұның өзі ескі кәсіпкерді қайталамас үшін қажет.

Жариялылық кезеңіне дейін бұйрықшыл әкімшілі-әміршіл, бюрократтық жүйе мен тәртіп – зұлмат науқаны 20-жылдардың аяғы мен 30-40 жылдардағы репрессия

құрбандары жөніндегі шындық нақты айтылмады. Осы жылдарда қауіпсіздік органдарының қолымен мыңдаған адам, ең алдымен, қазақтың зиялы азаматтары жазықсыз қуғын-сүргінге ұшырады. Бұл қанды жылдар халық есінде мәңгілік өшірілместей жазылып қалды. Осының бәріне себеп болған жеке адамға табынушылық, зорлық-зомбылық және заңсыздық. Сталинның индустриализациясы өкіметті жеке басқару режимін жасаудың алғашқы қадамы болды. Ал екінші қадамы – бұл коллективизация болғаны белгілі. Бұларды жүзеге асы-

ру процесінде ол партияны қанаушылар мен жеметтер ұйымына айналдырды.

Міне, арада 70 жылдан астам уақыт өткен соң сталиндік қаулылардың күшін жоятын бірқатар заң актілері мен Үкімет шешімдері қабылданды. Соның ең бастысы – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы болып саналады» деп жазылған «Аза» кітабының алғысөзінде.



Қазақтың бір баласындай

Көпұлтты Отанымызда Қазақстан халқын құрайтын ұлттардың және өткен ғасырдың отызыншы жылдарының екінші жартысында сталиндік қуғын-сүргіннің қасіретін көрген этностардың бірі – корейлер.

Еңбекқор, бейнеткеш, ешкімнің ала жібін аттамайтын, өтірік айтпайтын осы бір халықтың Қазақстанға, Сыр бойына қоныс тепкеніне 80 жылдан асып барады. Ортақ мақсаттары, сенім-нанымдары бір корей ағайындардан Еңбек ерлері де, мемлекет, қоғам қайраткерлері де, спорт, ғылым және өнер, мәдениет майталмандары да шықты.

Қандай да ұлт, ұлыстың арқасүйер, көш бастайтын, халқының ұйытқысы бола білетін, ел таныған азаматтары болады. Сондай азаматтардың бірде, бірегейі, қазақтың бір баласындай болған Жалағаш топырағына тер төгіп, еңбек еткен, халық қалаулысы Ким Яков Яковлевич еді.

Корей ұлтының адал перзенті Ким Яков 1908 жылы Примор өлкесі, Уссурий облысы, Покровка ауданы, Сидельников селосында шаруа отбасында дүниеге келді. Жастайынан жігерлі бала орталау мектепті бітіріп, жергілікті комсомол ұйымында жетекшілік жасап, ұйымдастыру жұмысына белсене араласқан. Кейіннен өзі тұратын селолық кеңестің хатшысы қызметін атқарып жүргенде Қазақстанға жер аударылды. Қызылорда облысына келгеннен кейін «Ақжар» МТС директорының орынбасары, 1939 жылы Жалағаш ауданы құрылғанда, аудандық жер бөлімінің меңгерушісі, аудандық партия комитетінің бюро мүшесі қызметін атқарады. Білікті басшы ретінде 1954 жылға дейін ауданның тыныс-тіршілігінің құретамаыры болған Қаракеткен, кейіннен Жалағаш МТС-ның директоры қызметін атқарады.

1954-1956 жылдары жоғарғы партия орындарының ұсынысымен республикалық «Ленин кичі» газетінің оңтүстік аумақтағы меншікті тілшісі болды.

– 1956 жылдың жаз айында аудандағы алдыңғы қатардағы Калинин атындағы колхоздың төрағасы Пак Дон Сек отбасымен Сырдария поромында суға кетіп, қайғылы қазаға ұшырады, – дейтін сол жылдары аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болған, марқұм еңбек, соғыс ардагері, құрметті ағамыз Болтай Тасыбаев. – Бұл жағдай колхоз жұмысына кері әсерін тигізе бастады. Сол кездегі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Байбол Сопбеков Калинин колхозына барып, ауыл азаматтарының басын қосып, колхоз төрағалығына кімді сайлау жөніндегі ойларын білуге тапсырма берді. Сол күні колхозға барып, белсенділерді жинап ашық әңгіме өткіздім, аудандық партия комитетінің ойын білдірдім. Олар республикалық «Ленин кичі» газетінің меншікті тілшісі Ким Яков Яковлевичті колхоз басқармасының төрағалық қызметіне ұсынуды сұрады.

Мен бұл әңгімені Б.Сопбековке толық баяндадым. Ол «Ленин кичі» газетінің редакторымен хабарласып, Ким Яковтың колхоз төрағасына ұсынылып жатқанын айтты. Редактор аудандық партия комитетінің ұсынысын қолдайтынын айтты.



– Мен алғаш рет Ким Яковты Б.Сопбековтің қабылдауында болғанымда көрдім, – дейді Бөкен. Орта бойлы, мығым денелі, ақ шашты жігіт ағасы қазақ тілінің майын тамызып, ауданда өзі қызмет атқарған жылдардағы өткен-кеткендерді көсіліп сөйлеп отырғанда, мен нағыз қазақтың абыз ағасымен сойлесіп отырғандай болдым. Сонда:

– Сізді колхоз басқармасының төрағалығына лайықты адам деп ұсынып отырмыз, – деді бірінші хатшы.

– Бөке, сенімдеріңізге рахмет, қолдан келгенше халыққа қызмет жасаймын, – деді ол. Б.Сопбеков сөзін жалғастырып «сізді халық қажет етіп отыр» деді. Міне, осылай қабылетті басшы, іскер ұйымдастырушы, шаруашылықты басқарудың тізгінін мықтап қолына алды.

Колхоз өз күшімен қысқа уақытта 250 орындық клуб, монша, дңірмен, машина-трактор ауласы, тұрақты электр станциясы, ағаш өңдейтін цех, ұстахана, дала қостары, бірнеше тұрғын үй мен өз өнімдерін халыққа арзан бағаммен сататын дүкендер салды. Колхозда республикалық сорт сынау учаскесі жұмыс істеді. «Кубань-З» күріш тұқымы аудандастырылып, егіле бастағанда облыстағы іргелі тірек шаруашылығына айналды. Озат тәжірибе облыс көлемінде насихатталды. Кейіннен ел басқарған Қаһарман Табынбаев, Ермағанбет Тұрабаев, Сартай Маханов, тағы басқалар Ким Яковтың шәкірттері еді.

Елуінші, алпысыншы, жетпісінші, жылдары Ким Яковтың тұсында он бес ұлттың азаматтары тату-тәтті еңбек етті. Ауылда, ауданда өткізілетін тәрбиелік мәні бар мәдени-көпшілік шаралардың басында төраға өзі болатын. Сол жылдары ауыл спортын дамытуға бас болып, қарапайым спорт алаңдарын салып, колхоздың футбол, волейбол, баскетбол командалары ауданның намысын қорғап жүрді. Үрмелі (духовой) оркестр Калинин колхозында болды. Ауылда он бес төсектік аурухана жұмыс істеді. Шаруашылық жыл сайын өндірістің барлық түрінен жоспарлары мен міндеттемелерін асыра орындап, 1969 жылы бесжылдықтың қорытындысымен Ким Яков екінші рет «Ленин» орденімен, көптеген еңбек озаттары орден-медалдармен марапатталады.

Колхоз кеңшарға айналғанда шаруашылық сол кездегі ақшамен 300 мың таза пайдамен шыққан екен. Колхоздың жарғысына байланысты пайда колхозшыларға жалпы жиналыс қаулысымен бөлініп берілуі тиіс болса да, ары және жүрегі таза колхоз төрағасы мемлекет бюджетіне аударған.

Он жеті жыл шаруашылық басқарған Ким Яковтың еңбегі бағаланып, екі мәрте «Ленин» орденімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің мақтау грамоталарымен, бірнеше медальдармен, көрме белгілерімен марапатталды. Ауылдық, аудандық, облыстық кеңестердің депутаттығына сайланды. Республикалық дәрежеде зейнеткерлікке шыққаннан кейін де екі жыл шаруашылықта, қатардағы агроном, ақылышы ұстаз болып, жастарды баулуға еңбек сіңірді. Үкімет Ким Яковтың еңбегін бағалап, Шымкент қаласынан үй берді. Сол жақта жүрсе де өмірден өткенше елмен байланысын үзген жоқ.

Мен еңбек жолымды осы кісінің қол астында қатардағы колхозшы болып бастаған едім. Ауылда бір көше оның атымен аталады. Ол кісінің бейнесі ауылдық, аудандық мұражайға қойылған. Осындай атпал азаматтың қазіргі ұрпақтары кенбайтақ еліміздің түкпір-түкпірінде ортақ үйіміз – Қазақстанның жарқын болашағы үшін еңбек етіп жүргеніне мақтанамын. Расында да, Яковтың өмірі – мақтауға лайықты ғұмыр. Абзал азаматтың өмір деректерін оқырмандарға таныстырып, бүгінгі жас ұрпақ осындай ардагер аталарынан үлгі-өнеге алысқан деген мақсатым бар.

Өкініштісі, аудан өндірісінің құретамаыры – Қаракеткен және Жалағаш МТС-ның директоры болып қызмет атқарған, үлгілі тірек шаруашылықты он жеті жыл басқарған еңбек ардагері жайлы ауданның 60, 70, 80 жыл толу мерекесіне арналып шыққан естеліктерде толық мәлімет берілмеуі көңілге қауу түсіреді.

Рысбай КӘРІМОВ,
Қазақстан Журналистер және
Халықаралық Жазушылар
одағының мүшесі,
Жалағаш ауданының
күрметті азаматы

ОҚЫС ОҚИҒА

Жаңақорғанда тұрғын үй өртенді

Жаңақорған ауданында тұрғын үй толығымен өртеніп кетті. Оқиға Қожақент ауылында болған.

Аудандық №14 өрт сөндіру бөліміне ауылдағы А.Әлиев көшесі бойындағы тұрғын үйде өрт болғандығы жөнінде хабар келіп түскен.

– Оқиға орнына жергілікті өрт сөндіру бөлімінен 1 автокөлікпен 5 қызметкер барды. Оған ауылдық округтен 6 ерікті өрт жасағы мен 2 техника жұмылдырылды. Өрттен екі қабатты тұрғын үй мен ішіндегі мүліктері толығымен өртеніп кеткен, – деді облыстық төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметінен.

Алдын ала жасалған болжам бойынша өрт газ плитасынан шыққан болуы мүмкін. Адам шығыны жоқ. Оқиғаның мән-жайы анықталуда.

Жол апатынан төрт адам көз жұмды

«Батыс Еуропа-Батыс Қытай» тас жолының облыс аумағындағы 1466 шақырымында МАН жүк көлігі мен «Mercedes» жеңіл көлігі соқтығысқан. Келеңсіз жағдай Қазалы ауданының аумағында болған.

Облыстық полиция департаментінің баспасөз қызметінің хабарлауынша, аталған жол-көлік оқиғасы бойынша ҚР Қылмыстық кодексі 345-бабы 4-бөлігімен сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде. Онда автомобиль жүргізетін адамның жол жүру қағидаларын бұзып, абайсызда екі немесе одан да көп адамның өліміне әкеп соғу жағдайы көрсетілген.

Жол апатынан 4 адам көз жұмды, ал 1 адам дене жарақатымен медициналық мекемеге жеткізілді. Бүгінде тиісті сот сараптамалары тағайындалған.

Бала Жалағаштан табылды

Қызылорда қаласында жоғалып кеткен 12 жасар бала ауылдағы ата-әжесінің үйінен аман-есен табылды. Облыс орталығында тұратын Бектұраз Сазаков үйінен белгісіз бағытқа шығып кеткен. Содан кейін қайта оралмаған.

Іздестіру жұмыстарына облыстық полиция департаментінің, қалалық полиция басқармасының жеке құрамы, еріктілер және жергілікті тұрғындар жұмылдырылды. Бұл жөнінде әлеуметтік желілер және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тұрғындар ақпараттандырылды. Полиция қызметкерлері қаланың көпқабатты үйлерінің шатырларын, өжірелерді және саяжайлардағы адам тұрмайтын үйлерді, құрылысы бітпеген ғимараттар, жертелелерді қарап шықты. Сондай-ақ, қаланың барлық аумағында жоғалған баланың фотосуреті көрсетіліп, сұрастыру жұмыстары жүргізілді. Осындай жұмыстардың нәтижесінде жоғалған көмелетке толмаған бала Жалағаш ауданынан табылды.

«СБ» ақпарат

● **ҮЙРЕНЕТІН ҮРДІС**

Әй, кәрілік-ай! Көбелектің кәрісі жоқ. «Кәріліктің дәрісі жоқ» деген осы-ау! Бопыраған қағаздарымның ішінен «Жаңақұрылыс» ауылының тұрғыны, Ажайып Сармановпен түскен суретім шыға келді. Арада төрт-бес жыл өтіп кеткен.

Шабындыққа қыста су жайған

Бірақ, қариямен сұхбатым сақталыпты. Алғашқы сұрағым: – Сіздер қыс айларында шабындыққа су жібереді екенсіздер, соның мән-жайын баяндаңызшы? – Енді кәйтеміз? Дария суы жаз айларында төмен түсіп кетеді. Тіпті ақ дарияны жауу кешіп өткен кезімізде болды. – Сіз механизатор-тракторшысыз ба? – Иә, трактор руліне ерте отырдым. Әкем Сарман Беркімбаев 1942-жылы 29-да соғысқа аттанды. Алты айдан кейін «Қара қағаз» келді. Рабиға анамыз төрт баламен 26-сында жесір қалды. Сол төртеуден қалған қазір жалғыз менмін. Әкемнен «Қара қағаз» келгенде он алты жаста едім. Анашым қолхоз жұмысында. Мен техникалық училищеге түстім. – Иә, ол бір зұлмат кез еді. Енді қарасы өшсін. Десе де,

тіріге тіршілік керек! – Солай ағасы, солай. Әуелі Нұрқожа Жанназаровтың бригадасында еңбек еттім. Жер жырттық. Егістікке жер дайындадық. Механик те, қоймашы да болдым. Осылай өмір өтіп жатты. Ал шабындыққа су жаюды 1974-жылдың қыс айында бастадық. Бұрынғы шабындықтың жері қурап, Нұралық болып кеткен. – Сонда қыстың қайсы айларында? – Алғашқыда қазан, қараша, желтоқсан, қаңтар, ақпан, яғни бес ай бойы дариядан су айдадық. Әбден шөліркеп, қаны кеуіп қалған ғой. Ол су канал арқылы барып шабындыққа жайылады. – Қыс айында, соншама көлемді аумаққа су жеткізу де оңай емес шығар? – Қайдан оңай болсын? Жанымда Балымбетов Ерсайын есімді жігіт болды. «Алтай» насосы тәулік



бойы дүңкілдеп тұрады. Үзіліс болмайды. Сәл тоқтаса, труба қатып қалады. Ара-арасында трубаның суатқа кіреп тұсын жиырма минуттай паялыная лампамен қыздырып, мұзын жібітіп аламыз. Кейін наурыз, сәуір, мамыр айларында су жайдық. Әрине, бұл кез жеңілдеу. – Сол шабындықтан жазда қанша тонна шөп жиналды? – Дәл дерегі архивтен табылар. Бірақ 4,5-5 мың тоннадан кем болған жоқ. Әсіресе, бұл жұмыс Н.Құлбаев пен Қ.Тілеуовтің директор кезінде кең өріс алды. – Ал қазір ше? Қыс айларында насоспен шабындыққа су жаюға бола ма? – Неге болмасын, – деді кейіпкерім күліп, ниетпен, ықылас-ынта болса, бәрі де болады.

Ажайып пен Дәметкеннен жеті ұрпақ тараған екен. Жамигасы – медбике, Ұлпаны мен Шолпаны, Мұратбегі мен Айманы – ұрпақ тәрбиесіндегі ұстаздар. Шолпаны оқу министрінің «Құрмет грамотасымен» марапатталған қаладағы №83 мектептің тәжірибелі мұғалімі. Жолжаны – электрик, Перизаты үй шаруасында. Демек, өсіп-өнген бақуатты семья. Ұл-қыздарының Тәуелсіз еліміздің өркендеуіне лайықты үлес қосқандарына атананың марқайып отырған жайы бар.

Шәкірат ДӘРМАҒАМБЕТҰЛЫ,
тыл ардагері.
«Жаңа-құрылыс» ауылы,
Арал ауданы

ЖОБА

Жолаушыларды әлеуметтік мәні бар тұрақты тасымалдау тарифтерін белгілеу туралы

«Автомобиль көлігі туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 19-бабының 4, 5-тармақтарына және «Әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін айқындау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 10 ақпандағы № 352 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізімінде 5402 нөмірімен тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:** 1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес жолаушыларды әлеуметтік мәні бар тұрақты тасымалдау тарифтері белгіленсін.

2. «Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамда белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын. 3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.Ж.Сүлейменовке жүктелсін. 4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Г. Әбдіқалықова

«КЕЛІСІЛДІ»
Қызылорда облыстық мәслихатымен

Қызылорда облысы әкімдігінің
2021 жылғы «__» _____ № _____ қаулысына
қосымша

Жолаушыларды әлеуметтік мәні бар тұрақты тасымалдау тарифтері

№	Маршрут атауы	1 (бір) жолаушыға ұсынылатын немесе қолданыстағы тариф
1.	Қаратөң ауылы-Әйтеке би кенті	500
2.	Т. Көмекбаев ауылы-Қызылорда қаласы	800
3.	Жалағаш кенті-Жосалы кенті	350
4.	Ақжар ауылы-Қызылорда қаласы	500
5.	Жаңадария ауылы-Қызылорда қаласы	400
6.	Інқардария ауылы-Қызылорда қаласы	380
7.	Тұрсынбай датқа ауылы-Қызылорда қаласы	300
8.	Ортақшыл ауылы-Қызылорда қаласы	400
9.	А. Токмағанбетов ауылы-Қызылорда қаласы	300

Жаңашылдыққа ұмтылған білім ұясы

Жаңақорғандағы №110 мектеп-лицейі – аудандағы іргелі білім ошақтарының бірі. 1200 орынға арналған мектепте қазір 1700 бала оқиды. Білім ұясы облыстағы 50 инновациялық мектеп қатарында.

Сb Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»



1996 жылы 420 оқушымен орташа мектеп болып ашылған білім беру мекемесі 2012 жылы мектеп-лицейі статусын алды. Бүгінде мұнда жаратылыстану бағытында химия, биология пәндері тереңдетіліп оқытылады. Мектеп-лицейі директоры Әділмырза Тәжидиновтің айтуынша, мекеменің материалдық-техникалық базасы талапқа сай жасақталған. Мұнда 58 оқу кабинеті, 2 шеберхана, биология, физика, химия кабинеттерінде зертхана құрал-жабдықтары бар. Оған қоса 500 орындық акт залы мен 400 орындық асхана да қызметін атқарады. Мектептегі типтік спорт залы да тәлім өреннің спортқа деген құлшынысын арттырып, шеберлігін шыңдауға мүмкіндік береді. Мектеп ұжымы да көпке үлгі. Мұндағы жарамсызды, жүйелі тірліктің орын алуына ұжым мүшелерінің де үлесі зор. Жаңашылдыққа ұмтылған мұғалімдер қауымы үнемі ізденіс үстінде.

Ұжым демекші, мұнда 158 жоғары білімді мұғалім еңбек етеді. Олардың 34-і жоғары санатты педагог-зерттеуші болса, 38-і І санатты сарапшы мұғалім, ал 47-сі ІІ санатты педагог-модератор. – Педагог кадрларымыздың барлығы түгел түрлі бағыттағы курстардан өткен. Жанартылған білім беру мазмұны бойынша 100%, пән бойынша 95% қамтылды. Денгейлік курстан өткен 21, үш тілділік бойынша оқыған 5 мұғаліміміз бар, – дейді мектеп директоры. Мектеп оқушылары түрлі деңгейдегі білім жарыстарына белсенді түрде қатысады. Пәндік олимпиадалар, ғылыми зерттеу жобаларына қатысып, мектеп абыройын асырып жүр. Атап айтқанда, химия, биология және география пәндерінен мектеп оқушыларының «Жас зерттеуші» облыстық ғылыми-зерттеу жобалар байқауында химия бағыты бойынша 10 сынып оқушысы Дилназ Қалқөз І орынды жеңіп алса, республикалық олимпиаданың

облыстық кезеңінде 5 сынып оқушысы Айзере Дәуренбек І орынды иеленді. Ал республикалық ғылыми жобалар конкурсының облыстық кезеңінде «Биология» секциясы бойынша мектеп оқушысы Айда Нұрлах І орыннан көрінді. Осы конкурстың Математика секциясында Зарина Қалқөз ІІ орын алып, мектеп мерейін өсірді.

Тек пәндерден ғана емес, мектеп шәкірттері шығармашылық байқаулардан да талайларды шаң қаптырып, жүлделі орындарды қанжығаларына байлап жүр. Мысалы, 8-11 сынып оқушылары арасында қашықтан өткізілген «Абай әлемі» шығармашылық байқауының облыстық кезеңінде Асылзат Сатыбалды ІІІ орынды иеленді. ІІІ халықаралық «ART BASTAU» байқауында көркем сөз номинациясы бойынша үздік өнер көрсеткен ІІ сынып оқушысы Біржан Ролан мен 6 сынып оқушысы Шахназ Саяуышқызы бас жүлдені жеңіп алды.

Жалпы мектеп шәкірттерінің жетістіктерін саусакпен санамалау мүмкін емес. Толағай табысқа жетіп, ұлааның беделін көтеріп, атағын аспандатып жүрген алғыр, өнер-білімге құштар шәкірттер жетерлік. Оқушылармен қатар мектеп мұғалімдерінің де жеткен жетістіктері ауыз толтырып айтарлықтай. Мәселен, рухани-адамгершілік тәрбие жұмыстары мен өзін-өзі тану

пәні мұғалімдерінің аудандық «Үздік өзін-өзі тану мұғалімі -2020» байқауында пән мұғалімі Әйгерім Қалдыбаева І орын иеленді. Аида Абдуллаева – «Шығармашыл ұстаз» төсбелгісімен марапатталған шығармашыл ұстаз. Математика пәнінің мұғалімі Бағила Рүстемова мен биология пәнінің оқытушысы Рысқұл Абдразақова – ҚР Білім және ғылым министрінің «Алғыс хатымен» марапатталған мерейлі жандар.

Ұстаздардың білімі мен білігі мұнымен ғана өлшенбесі белгілі. Әрдайым шығармашылық, кәсіби ізденісте жүретін, жаңашылдыққа жаны құмар ұстаз – ұжым мақтанышы.

Ұстаздардың жалпы, ұжымның бағы сыналғы, еңбегі көрінетін кез бұл – ҰБТ екені белгілі. Білім безбенінде шәкірттің бағы жанып, жоғары бал жинаса, білім ошағының да беделі артары сөзсіз. Бұл жағынан келгенде №110 мектеп-лицейінің еңсесі биік деп айта аламыз. Биылғы оқу жылы да аяқталды. Мектепті 40 бала бітіріп отыр. Олардың 38-і ҰБТ-ға қатысуға ниетті. Түлектердің арасында 4-еуі Алтын белгіге, біреуі «Үздік аттестатқа» үміткер. Өткен оқу жылында 41 бала бітіріп, 5 оқушы Алтын белгі иегері атанған еді. Биылғы «Алтыннан» үмітті түлектерге де алдыңғы буынның жолын берсін дейміз.



● **БРИФИНГ**

Егде жастағы еріктілер

Өткен жылы еліміздегі еріктілер өздерін нағыз батыр ретінде көрсетті. Олардың ерлігі көпке үлгі болды. Тек жастар ғана емес, егде жастағылар да волонтер қатарына қосылды. Нақты кезеңде елімізде «Күміс волонтерлік» қозғалысы дамуда. Негізгі мақсат – 50 жас-тан асқан адамдарды волонтерлік қызметке тарту.

– Қазіргі кезде 17 қалада «Күміс волонтерлік» қозғалысы қарқын алды. Біздің облыстағы осы санаттағы волонтерлерге кәсіби мамандар дәріс оқып, халықаралық тренерлер тәжірибелерін бөлісуде. Алдағы уақытта тақырыптық семинарлар мен кездесулер, жиындар өткізу жоспарлануда, – деді «Волонтеры Кызылорда» қайырымдылық қорының төрайымы Ольга Чебакова.

Егде жастағы адамдар өз тәжірибесі мен білімін басқалармен бөлісуге ұмтылады. Олар барлық жобаларға белсенді қатысып, үнемі қозғалыста болады. Мұндай шаралар оларға өздерін физикалық және психологиялық жағынан жақсы ұстауға көмектеседі.

«СБ» ақпарат

Жаныңыз болсын жұмақта

2021 жылдың 29 мамырында Ұлы Отан соғысының және статистика саласының ардагері Сатыбалдиев Әбдірауық 96 жасқа қараған шағында дүниеден озды.

Сатыбалдиев Әбдірауық бүкіл соғысқа қатысып, 1945 жылы Рига қаласында жеңіске жетті. Кеңес-Жапон соғысының қатысушысы, Ашхабад қаласындағы жер сілкінісінің салдарын жоюға қатысып, туған жерге 1949 жылы оралған. Ұлы Отан соғысының 1-2 дәрежелі ордендерімен, «За отагу Япония», КСРО Қарулы күштеріне 60 және 70 жыл, Жұқов, Жеңіс күніне арналған меретойлық, «Астанаға 10 жыл», «Ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен, Құрмет грамоталарымен, «ҚазКСРО Социалистік есеп үздігі» ерекше белгісімен марапатталған. Қармақшы ауданының Құрметті азаматы атанып, «Статистика үздігі» төсбелгісінің иегері. Ардақты ағамыз статистика саласында 37 жыл абыройлы қызмет атқарған. ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Қызылорда облысы бойынша



департаментінің ұжымы статистика саласының ардагері Сатыбалдиев Әбдірауықтың қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл қосын білдіреді.

Ардақты атамыздың ұрпаққа үлгі естерліктей ерлігі тарихта өшпестей із қалдырып, халқымыздың жалдында мәңгі сақталады.

Ұлттық статистика бюросының Қызылорда облысы бойынша департаменті

Мәңгілік жарқын бейне

Бұл өмірде ананың мейірімі мен махаббатына теңесетін ештеңе жоқ. Аяулы жанның орнын ешкім, ешнәрсе алмастыра алмайды. Оның ғазиз жүрегі мен ақ тілегі, аялы алақаны бізді қанаттандырып, қатарға қосты. Балаларына ғана емес, тұтас әулет үшін қымбат адамның орнын ешкім баса алмайтынын арамсыздан алыстағанда ұғына түстік. Ұғынған сайын сағыныш ұлғайды. Иә, анамыз Бақытқұл Лаубайқызының өмірден өткеніне де жылдың жүзі болып қалды.

Әулеттегі әрқайсымызға ақылшы, қамқоршы болған ардақты жан 70-ке қараған жасында өмірден өтті. Пәни дүниенің бір қалыпта тұрмайтынын білсек те, ана мейірімін әлі күнге аңсайтынымыз рас. Анамыз еңбек жолын Қармақшы аудандық астық қабылдау кәсіпорнында жұмысшы, лаборант, қойма менгерушісі болып бастаған. Кейін өзінің біліктілігімен аудандық партия комитеті кәсіпорындағы кәсіподақ ұйымының хатшысы қызметіне тағайындалып, абыроймен атқарды. Адал ең-



бегі бағаланып, аудандық, облыстық, партия комитеті тарапынан алғыс хаттармен, медальдарымен марапатталды. Анамыз елге қызмет ете жүріп, отбасының амаңдығы мен балаларының болашағы жарқын болуы үшін бар күшін салды, немерелері мейірімін арнады.

Анамыз Бақытқұл Лаубайқызының жылдық асы 5 маусым күні түскі 12-де С.Торайғыров көшесі №287 үйде өтетінін барша ағайын-туыс, дос-жарандарға хабарлаймыз.

Еске алушы Қышпақбаевтар әулеті

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Косбергенов Мурат Каирбекович (лицензия №14002321, 24.02.2014 ж.) 2020 жылдың 01 тамызында қайтыс болған азаматша Идирисова Айнагул Жақсылықовнаның атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлер болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Көшербаев көшесі 203, тел.: 30 47 23, 8 778 235 08 08, 8 777 067 92 37.

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Косбергенов Мурат Каирбекович (лицензия №14002321, 24.02.2014 ж.) 2021 жылдың 13 қаңтарында қайтыс болған азамат Мизамов Бақдәулет Әлжанұлы атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлер болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Көшербаев көшесі 203, тел.: 30 47 23, 8 778 235 08 08, 8 777 067 92 37.

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Косбергенов Мурат Каирбекович (лицензия №14002321, 24.02.2014 ж.) 2020 жылдың 08 наурызында қайтыс болған азамат Исмаилов Данбай Шаймерденовичтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлер болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Көшербаев көшесі 203, тел.: 30 47 23, 8 778 235 08 08, 8 777 067 92 37.

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Косбергенов Мурат Каирбекович (лицензия №14002321, 24.02.2014 ж.) 2020 жылдың 24 қарашасында қайтыс болған азамат Джумабеков Сейтжаппар Каримбаевичтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлер болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Көшербаев көшесі 203, тел.: 30 47 23, 8 778 235 08 08, 8 777 067 92 37.

Облыстық фтизиопульмонология орталығының ұжымы дәрігер-эпидемиолог Топаева Гүлжанат Мұратқызына анасы **Асанкүл Әлиакбарқызының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінің ұжымы мемлекеттік аудит бөлімінің бас инспекторы-мемлекеттік аудитор Нұрымбетова Қаламқас Оразалықызына анасы **Күзембаева Қаныкүл Ақылбайқызының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

